Сонымен тұтас қабылдау және бейнелеу проблемасы, бірінші жағынан әрбір дененің үш қатынасына байланысты болса, екінші жағынан жалпы денелердің жарық арқылы бір-бірімен байланысынан туындайды. Демек, денелердің бір-бірімен байланысы дегеніміз, жарық арқылы екі жағдайда жүзеге асады, яғни, рефлекссті және әртүрлі түстердің контрастық байланысында. Денеден қайта шағылысқан жарық, негізгі жарықпен біріге отырып, денелердің жалпы көріну күйін құрайды. Рефлекссті сәулелер денелерді орта бояу түске бөлеп, олардың қабырға беттеріне түрлі-түсті сәулелерін шашып өзіне тартады (үй ішінде – еден, қабырға, төбе, үй заттары, дала кеңістігінде – аспан бояуы, жер, шөп, үйлер т.б.) кез-келген денеде рефлекссті сәуле көрінісі, дененің қою көлеңке беткейлерінде орналасады. Тәжірибелі суретші ешқашан белгілі бір схема түрінде жұмыс жүргізбейді (жарық, көлеңке, рефлекс), керісінше көптеген бояулар қосындысының үндестігін таба отырып, живописі жарқын жадыратып жазады. Ағылшын суретшісі Рейнольдс «Живопись рефлексстерден тұрады» десе, суретші К.Юон бұл ойды былай кесіп айтады: «Живопись недышащая в каждом своем цвете тысячью обогащающих его оттенков, есть мертвая живопись» [2.85]. Әрбір бояуларында тыныс белгі жоқ болса деген мағына, живопись түстерінің бір-бірімен аралас-құралас байланыстарын көрсетеді. Осындай гармониялық байланыстарды мысал ретінде А.Ғалымбаеваның «Дастархан» атты натюрмортынан көре аламыз. Дене бетіндегі жарық-көлеңке және оның түсі, жарық сәуле өзгеруіне байланысты, дене көрінісі заңы өзгеріске көшіп отырады. Осындай заңды құбылыстардың негізінде, адамда дене туралы тұрақты түсінік қалыптасады, яғни белгілі дене туралы реңдік және колориттік дене күйі. Суретші бейнелеу барасында объектіні шын, дұрыс беруде, олардың бояулар қатынасындағы байланыстарды іздеумен қатар, олардың ең қажетті, маңызды тұстарын іздейді және түстерін бір жүйеге келтіруде, үйлесімдік колоритін табуға ұмтылады.

Нұсқаның колориттік көрінуі немесе картинаның түрлі-түсті бояулары үйлесімді жүйеде қабылдануы, бір жағынан күрделі мәселе болса, екінші жағынан эстетикалық талғамды оятуда бірден-бір әсер ететін

көрініс. Н.Н. Волков өзінің «Цвет в живописи» деген кітабында эпиграф ретінде А.Ивановтың сөзін алған: «Веронез, Тициан, Тинторретто из тепла душ своих вылили на холсты откровение колорита, вверенного им отечественной природой» [3.106].

Суретшінің дарынына, талантына оның туған, өскен табиғи ортасы да ықпал етеді. Бұл сөзді алып отырған себебіміз «колорит» деген сөзді тереңірек түсіну мақсатында, яғни аяқталған картина үндестігі мол дүние, ол суретші ойынан тумайды, немесе ойлап таппайды, керісінше уақытқа байланысты өмір өзектерінен табиғаттың белгілі бір ықпалынан, оның заңдылықтарын түсінуден туады. Колорит деп біз суретшінің бейнелеу өнерінде қолданған әдістерін, түрлі түсті бояулар арқылы өзінің өмірге, табиғатқа деген көзқарасын айырықша бейнелеуді айтамыз. Колоритті жазылған картинада, бейнелеу өнерінің барлық элементтері бір идеялық жүйеде реттелініп, түс, рең және ауа қатынастары гармониялық ерекше шешімдермен жазылады. Егер де картина кездейсоқ бояу түстермен жазылып, дене түстері бір-бірімен мәні-мағынасы, мазмұны және пластикалық байланыстары табылмай бейнеленген болса, ондай полотнода колорит болмайды. Колориттің негізгі болып, құрылымына жататын арнайы алынған сюжет және түрлі-түсті бояулар гаммасы. Натюрморт жанрында ол мүмкін 2-3 немесе одан да көп түрлі-түсті бояу дақтары (пятна) болуы мүмкін, осылар арқылы идеялық ойлар құралады.

1. Икотин М.Л. «Леонардо да Винчи» – М., 1984 – с. 219.
2. Сокольников М.П. «Жизнь и творчество» – М., 1978 – с. 144.
3. Волков Н.Н. «Цвет в живописи» – М., 1981 – с. 306.

Түйін

«Колорит туралы» мақалада авторлар живопись әдістемесіндегі қолданатын практикалық мәселелермен қатар, оның теориялық жақтарында қамтиды. Сонымен қатар жүргізілген педагогикалық тәжірибелермен де бөліседі.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы о колорите. Авторы анализируют теоретические аспекты данного вопроса, а так же приводят практические эксперименты в области преподавания живописи.

Summary

In this article examined questions about a color. Authors analyze the theoretical aspects of this question and similarly to drive practical experiments to the areas of teaching of painting.

ПОРТРЕТТІ БЕЙНЕЛЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

К.К. Келденова – аға оқытушы, Живопись кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Француздың «portrait» (портрет) деген сөзі бейнелеу өнеріндегі адамның сырт келбетін бейнелейтін жанрдың баламасы болып кетті. Дегенмен сырт келбетінің ұқсастығы портреттің ең басты шарты емес. Модельдің сырт келбетін ғана ұқсатып қоймай, оның ішкі және жан дүниесін, мінез-құлық қасиетін де ашып көрсете білу нағыз портрет салушы суретшінің шеберлігі болуы кере. Портреттен белгілі бір қоғам немесе мәдениет ағымының типтік образын айқындайтын қасиет байқалса, онда ол портрет мейлінше құнды жұмыс болып саналады.

Адам басын бейнелеудің мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан жолдары бар. Суретші портретті кескіндемелік шешуде адамда өмірдегідей бейнелеу керек, яғни өзінің табиғи жаратылысымен ұқсастылықты және бұған қоса, жазып отырған адамның қайталанбас психологиялық сипаттамасын көрсете білу қажет.

Әр заманда, кезінде сурет өнерін оқып-үйренуде айшықты із қалдырған, тіпті қазірге дейін қасиетін жоймаған методикалық жолдар, жеке суретшілердің жазып кеткен оқулықтары бар. Олардың өзіндік тарихы және бүкіл өнер әлеміне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Әрбір реалист-суретші адамды түрлі жағдайларда, бұрылыстарда, қимыл-қозғалыстарда бейнелей білуге тиіс. Адам – суретшілер зейін қоятын және бейнелейтін басты объект. Тұрмыстық, тарихи, батальдық жанрдар картиналарында әрдайым адам көрсетіледі.

Адамда ең басты, ең әсерлі нәрсе оның келбеті және әсіресе бет-жүзі. Сондықтан суретшінің адамды зерттеуі дәстүр бойынша бастың суретін салудан басталады. Суреттегі бас жанды болуы үшін, суретші оны кез-келген еңкейіс-бұрылыстарда бейнелей алуы үшін, ол оның анатомиясын зерттеуге тиіс.

Анатомияны зерттеу суретшіге қандай да болсын адам басы үшін ортақ нәрсе не екені туралы түсінік береді. Бұл салыстыру үшін, миллиондаған басқа да бастардан әрбір жеке адам басын бөлектеп тұратын өзіне тән, жеке-дара ерекшеліктерді анықтау үшін негіз, эталон қызметін атқарады. Ал, адам бастары, шынында да, сан алуан. Бұл жерде жас та, жыныс та, бас сүйектің құрылысының ерекшелігі де әсер етеді.

Мәселен, балада бет бөлігі бүкіл бас сүйекпен салыстырғанда біршама кіші, бастың сүйегі нашар дамыған, беті томпақ, жұмсақ, терісі нәзік. Жылдар өткен сайын бет ұзарып, қабақтың және бет-самай сүйектерінің шығыңқы жерлері айқын көрініп, көз ойықтарында қатпарлар пайда бола бастайды. Кәрілік шақта сүйектің шығыңқы жерлері бұрынғыдан да ерекше көрініп, бұлшық еттер болбыр, тері әжімді бола бастайды... оның үстінде, әр адамда құлақтың, мұрынның, көздің, еріннің өзіне тән ерекшеліктері болады. Мұның бәрін суретші аңғаруға тиіс.

Живописьте адам басын кескіндеуді үйрену оқу тапсырмаларына қойылатын басты талаптардың бірі – салып отырған адамның жеке ұқсастығын таба білу, жеке-дара ерекшеліктерді көрсете білу.

Сондықтан адамды бейнелеуді үйрену көркемсурет факультетінің академиялық сурет және академиялық живопись мамандықтарында негізгі міндеті. Портреттегі күрделі шығармашылық шешімдерге келу үшін, ең алдымен өте шеберлікпен бас және адам фигурасын орындай білу үшін қажет, яғни тұлғаның құрылымының шешімін табу. Тірі тұлғаның құрылымын сала білу, қозғалысын және характерлі пропорциясын, біртұтастығын, тондық қатынастарын және пластикалық көркемдігін көрсету қажет. Осының бәрін студент меңгермейінше, ол тұлғаның жеке ішкі психологиялық жандүниесін портретте бере алмайды. Бас және адам пішінінің живописінің теориялық және практикалық машығын меңгеру ұзақ және күрделі процесс. Тірі тұлғаны кеңістікте орналастыру, бастың пішінінің перспективасын және құрылымын дұрыс орындау, анатомиялық құрылысын, тонмен көлемін беру үлкен тәжірибені қажет етеді. Адам басы мен тұлғасын бейнелеу міндеті мен процесі басқа жанрлардағыдай (натюрморт, пейзаж) көлемін конструктивті мүсіндеу, көлемі мен материалдық сапасын, кеңістіктегі орнын көрсетуді қажет етеді. Басқа жанрлардағыдай заттардың түстік қатынасын, тұтастай қабылдай, көре білу, айналадағы түстің, тұлғаның түстік мінез-құлқын, ұсақ детальдармен жұмыс істеу кезінде үлкен форманың тұтастығын сақталуы ескеріледі. Анатомияны, үлкен көлемді түспен сомдау, тұлғалық ерекшелігін табу бас пен адам тұлғасын бейнелеудің алғашқы кезеңіндегі міндеттер. Адамның тұлғасын бейнелегенде түстік қатынастарды, қоршаған ортамен, жарықпен байланыстыруды студент үйрену керек. Бас пен адам тұлғасының живописі суреттің тондық техникасын меңгерумен қатар анатомиялық дұрыс, форманың тұтастығы сияқты заңдылықтармен қатар жүреді. Сонымен қатар жас суретшіге пропорцияны үлкен сезімталдықпен аңғару қажет. Осы мүмкіндіксіз күрделі бас пен адам тұлғасындағы ұқсастықты көрсете алмайды. Адам басының живописі бейнелеудегі процесін оқытуды бірнеше кезеңдерге бөлуге болады.

Реалистік живописьтің құрамдас элементі болып тұлғаны салғанда тондық қатынасты дұрыс беру екенін жоғарыда айтқанбыз. Басты гризайль техникасында орындау болашақта осы міндеттерді живописьтік бейнелеуге оңай көшуге мүмкіндік береді. Тондық қатынасты табуды меңгеру үшін көп еңбектену керек. Ол үшін көптеген жаттығулар орындау қажет. Мысалға: этюд, нобай жасап кеңістіктегі өлшем мен тондарды ажыратып үйрену студенттің күнделікті жаттығуы болу керек.

Сондықтан да портрет өнерін меңгеруді оқыту үрдісін, майлы бояу техникасын меңгеру үрдісі негіздерінде жүргізу барысында, студенттер мынанадай міндеттерді орындауы қажет. Портрет салуды бастамас бұрын, салынатын адам бейнесіне ұзақ қарап, портреттің ұқсастығын мейлінше терең беру үшін көріністің ең тиімді тұсын таңдау керек. Портрет салушының көз деңгейінен модельдің басын жоғары орналастыру дұрыс. Басқа түстен сәуленің көлеңке мен жарықтың айқын ара қатынасын қамтамасыз еткені жөн.

Суреттің фонындағы матаның түсі бастың жарық жерінен де қою, қараңғы жерінен ашық болғаны абзал. Бұл мата бояуының қанықтық бет бояуының түсін дұрыс анықтауға көмектеседі. Көлеңке жақтарын жалпақ және сұйық қылып жазып алғаннан кейін беттің формасын жарықтан көлеңкеге қарай сомдай бастау керек. Жұмыс істеу барысында анатомиялық және перспективалық құрылымды ойластыру, бейнеге жарық пен көлеңкенің дұрыс және барлық портреттік ұқсастығы дәл ашуға керек қатынасты есептеу қажет. Бет бөлшектерін бастың үлкен формасына бағындырып орналастыру дұрыс болады. Құрылымдық орналастыру мен форманың жалпы бейнесінің реңдік қатынасын анықтауды үйрену үшін кішірек форматқа этюд жазған орынды.

Натураға түсіп тұрған жарықтың әр тапсырмада әр түрлі жағдайда болғаны, студенттің өзіндік үй жұмыстарының басты шарты болса, холст жазықтығына құрылымдық шешімді дұрыс қарым-қатынастық сәйкестікпен орналастырса, қойылған мақсатқа жетуге өте үлкен әсерін тигізді. Жұмыс барысында, этюдтың жарық жері мен қараңғы тұсын үнемі салыстырып, реңнің тереңдігін үнемі айқындап отырса ғана портреттің анық та қанық бояу реңін табуға болады. Бастың иық белдеуімен салынған портретін жасауды игеру барысында мойынның және бастың анатомиялық құрылымына, кеуде, омырау бұлшық еттеріне өте маңызды назар аудару керек. Этюдты бас пен дененің өзара байланысын айқындай холст бетіне орналастыру өте орынды. Бұл қойылымды терең фонда, яғни шеберхана қабырғасынан алыс жерге отырғызып, арқалығын қою түсті матамен қабаттаған абзал. Бұл жерде, фонның тереңдегі мен ауа кеңісті-

гінің әсері және натураның реңдік қатынасының дұрыс құрылуына баса назар аудару өте маңызды. Майлы бояу техникасын игеру мен қатар кішірек размердегі этюдтарды акварель бояуымен де сала беру студенттердің шеберлігінің өсуіне үлкен әсерін тигізді. Ең алдымен, қарама-қарсы жарық болу үшін, модель терезе жанына отырғызылады. Бастың формасы барлық бөліктерімен анық көрінуі керек. Осы ұзақ жаттығудан кейін алдында алған білімі, шеберлігі мен машығы бастың формасын тондық мүсіндеуді жеке бөліктермен қоса меңгеру және басты түспен бейнелеу, яғни аяқтау кезеңіне көшуге мүмкіндік береді. Жаттығу мынандай ретпен орындалады. Студенттерге бірінші міндет белгілі, ол ешқандай қиындық туындатпауы тиіс. Бұл жұмыста барлық күш соңғы екі міндетке бағытталады. Нақты бөліктерін таппай және оны жалпыламай портреттің характерін беру мүмкін емес. Үлкен тондық қатынастарын, бастың жалпы құрылымын және оның бөліктерін тапқаннан кейін, бастың: көз, мұрын, құлақ сияқты бөліктеріне көшеміз. Көзді мүсіндеуге кірісеміз, мысалға көз шұңқырының көлемін, қас пен қарашығының көлеңке-жарығын береміз. Көзді «мүсіндеу» дегеніміз оның да өз көлемі бар, бірнеше жазықтығы бар екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан оларды сызықтар деп қабылдамай, бірнеше жазықтықтан тұратын форма ретінде қабылдау керек. Жаңа үйреніп жүрген живописші көзді, қасты, кірпікті сызықтар арқылы көрсетіп үлкен қателік жасайды. Мұндай шешім беттің басқа бөліктерімен жұмыс істегенде де байқалады.

Сондықтан үнемі жұмыс кезінде тұлғаны тұтастай көріп қабылдаудың қажет екенін ұғыну қажет. Жұмысын жалпылау, бейнені біртұтастыққа алып келу, жалпылаудың мәні жұмысты көрермен көзіне тұлғаны тұтастай көру мүмкіндігін туындату. Тұтас көру арқылы бастың жазылуын тексереміз, бір жерін жаза түсу, ал бір жерін керісінше басу, көлеңке жердегі форманы көлеңкеге бағындыру, жарық жағын жарыққа, ең қараңғы жері мен ең жарық жылтты (блик) салыстыру. Заттың көлеңке жағы, жарық жағы және фонды жазу кезінде бір тон қайталанбау керек. Соңғы сатысында, бас «мүсінделгеннен», оның характері, қимылы табылғаннан кейін, бет бөлігін композициялық орта етіп, ал қалғанын соған бағындыру үшін соңғы штрихтар жасалады. П.П. Чистяков: «Көзін, қарашығын тірі бейне қарап тұрғандай бар жігермен, ал мұрнын, ернін еркіндікпен жазу керек», – деген. Сондай-ақ қолын да жақсылап жазып, композициялық орта болып тұрған басқа бағындыру қажет. Осындай ережелерді студент меңгермеген жағдайда жаттығуларды қайталау керек. Негізгі білімді, бейімділік пен машықтықты, тонмен бас формасының шешімін таба білуді меңгергеннен кейін – түспен жазуды бастаймыз. Егер жас суретші бейнелеуді тонмен көрсете алмаса, ол қажет түсті қажет жеріне формасын сақтай отырып қоя алмайды.

Енді, форма детальдерінің жеке бөліктерін зерттеп және бастың жалпы формасымен салыстыра отырып, натураның бүтіндігі жоғалып кетпегендігіне ұмытпау керек. Студенттердің арасында жиі кездесетін қателердің бірі – бастың бөліктерімен айналысқанда, олар форманың бүтіндігін ұмытып кетуі мүмкін: жеке детальдар орындалуы өз бетінше жаман емес, бірақ олардың арасында байланыс жоғалып кетеді.

Этюд жазу үстінде реңнің жарықтығы ұқсас жерлерін жұмсақ бояп, көлеңке жерлерін айқын қанық бояумен жазу қажет. Бұл ретте қайта түскен жарыққа баса назар аударған өте маңызды міндет болып табылады. Портретті әр түрлі размерлі қылқаламмен жазу керек және бейнені бүтіндей көріп қабылдауға кедергі келтіретін артық кейбір бөлшектерді құрылымды құрастыру кезінде алып тастау қажет. Сонымен қатар салынған портреттің сырт келбетінің ұқсастығы ғана емес, оның психологиялық тұрпаты, жан дүниесі мен ішкі болмысының ашыла жазылуы үнемі есте ұсталғаны абзал. Этюдтардың барлығы бір деңгейде аяқталуы керек, себебі кей жердің өте детальді жазылуы, ал кей жердің көмескі берілуі жұмысты тұтастай қабылдауға кері әсерін тигізеді. Жалпы майлы бояу техникасын игеру меңгеруді оқыту кезінде теориялық білім берумен қатар тәжірибелік жұмыстың маңызы өте зор екендігі белгілі. Сондықтан да живопись сабағында форманы сомдау мен бірге реңдік қатынастың дәл табылуына ғана назар аудармай, этюдті дұрыс реттілік жазу тәртібімен қатар жұмысты аяқтау барысында дер кезінде тоқтай білу де маңызды шарт болып табылады.

1. Зайцев А.С. Наука о цвете и живописи. – М., 1986.

2. Беда Г.В. Живопись: Учебник для студентов педагогических институтов. – М.: Просвещение, 1986. – 192 с.

3. Кибрик Е.А. Объективные законы композиции в изобразительном искусстве // Вопросы философии. – №10, 1966. – С. 103-113.

Резюме

В статье рассматриваются методика выполнения и поэтапность изображения портрета в процессе обучения живописи.

Summary

The describes the technique and step-by-step pictures of portrait painting in the learning process.

БОЛАШАҚ СУРЕТШІ-МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІПТІК ДАЯРЛЫҒЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ ОРНЫ

Ш.Ә. Ақбаева – доцент, п.ғ.к., көркем сурет факультетінің «Академиялық сурет және арнайы пәндерді оқыту әдістемесі» кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ-сы

Білікті суретші-педагог маман даярлау жүйесіндегі көп саласы іс-әрекетті өзара байланыстырып, педагогикалық процестің біртұтастығын қамтамасыз ететін маңызды да қажетті буын – педагогикалық практика. Сондықтан педагогикалық практикаларға ерекше көңіл бөліп, оны жаңа талаптар деңгейіне көтеру – болашақта кәсіптік даярлықта табысқа жетудің басты шарттарының бірі.

Бейнелеу өнері және сызу пәндерінің мұғалімдерінің жұмысының және оларды кәсіптік дайындау жүйесінің басты ерекшелігі – педагогикалық практиканың дұрыс ұйымдастырылуы деп білеміз.

Заманауи нарықтық сұраныстарға байланысты жалпы білім беретін мекемелердің көкейкесті мәселелерін шеше алатын тұлға қалыптастыру барысында, студенттердің педагогикалық тәжірибеден өтуі болашақ суретші-педагог мамандарын дайындау үрдісінде маңызды рөл атқарады. Педагогикалық тәжірибе факультеттің оқу жоспарына байланысты ұйымдастырылады. Тәжірибенің мазмұны, құрылымы, уақыты арнайы кафедралардың шешімімен факультет кеңесінде бекітіледі.

Педагогикалық тәжірибе студенттердің бейнелеу өнері және сызу мамандығына байланысты университеттің білім беру бағдарламасынан алған теориялық білімін орта жалпы білім беретін мекемелердің оқу үрдісінде пайдалану мүмкіндігін байланыстыратын бөлім. Тәжірибенің өтуі, мазмұны мен сипаты барынша студенттердің өзінің кәсіби мамандықтарына бағытталған. Педагогикалық тәжірибені ұйымдастыру барысында студенттердің курсына, тобына байланысты әр-түрлі есеп құжаттар сияқты ерекшеліктер ескеріледі.

Педагогикалық тәжірибенің кешенді сипаты студент білім алу барысында оқытушы қызметінің: алдын ала сабақ өткізу, экскурсиялар ұйымдастыру, тәрбие жұмысының түрлерімен танысу, әр балалармен жеке түзету жұмыстарын атқару, ата-аналармен қарым-қатынас орнату, қажет жағдайда білім беру мекемесінің әкімшілігімен арнайы сұрақтарды шешу, үйірме, сынып жетекшісінің қызметін атқару, құжаттармен жұмыс істеу сияқты жауапкершіліктермен танысады деп ескереді.

Қолайлы ұйымдастырылған тәжірибе студенттерге алғаш білім беру мекемелерімен танысу, бақылау, талдау сияқты қарапайым мәселелерден басталып ары қарай қиын, жауапкершілікті тапсырмаларды жүктейтін сипатқа ие.

Педагогикалық практика жүйесінің әрбір бөлігі болашақ мұғалімдерге қажетті нақты іскерлік, дағдыларды қалыптастыруға бағытталып, келесі практикалар жүйесінде толығып, жетілдіріп отырады.

Практика барысында студенттердің қоғамдық және арнаулы пәндерден алған білімдері педагогикалық, психологиялық, әдістемелік білім, іскерлік, дағдыларымен кіріктіріліп, сабақтастырылады. Нәтижесінде бүкіл теориялық білімдер арнайы мақсатқа, яғни педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталып, ұстаздық мамандыққа тән заңдылықтар мен қағидаларды меңгерудің, ұстаздық іс-әрекетті ұйымдастыру әдістерін үйренудің негізіне айналады. Кәсіптік даярлық жүйесіндегі педагогикалық практикалардың маңызын мұғалімдер дайындау ісіне үлкен үлес қосқан көрнекті неміс педагогы А.Дистервег те атап көрсеткен болатын. Ол педагогиканың даму негізі ретінде педагогикалық тәжірибеге зор маңыз бере отырып, педагогикалық еңбектің шеберлерінің практикасын зерттеп, оқып-үйренуге ерекше мән берген. Орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский оқыту әдістерін кітаптан оқып, не оқытушының дәрісі арқылы меңгеруге болады, бірақ осы әдістерді сабақта қолдану дағдысын іс-әрекетке негізделген ұзақ мерзімді практика нәтижесінде ғана қалыптастыру мүмкін деп есептеген. Мұғалімдердің кәсіптік даярлығы жүйесінде теория мен практиканың өзара бірлікте қарастырылуы жөніндегі заңдылықтарды негіздеуге С.Т. Шацкий, Н.К. Крупская, А.С. Макаренко, М.Дулатов сияқты педагогтар да елеулі үлес қосты. Н.К. Крупская: «Студенттерді педагогикалық жұмысқа дайындау өз алдына бөлек, жаттанды жолмен емес, олардың педагогикалық іс-әрекетін ұйымдастыру және оны теориялық тұрғыдан негіздеу процессі арқылы жүзеге асырылуы керек» – деген педагогикалық практиканың кәсіптік дайындық жүйесіндегі орнын ашып көрсетті. Ал, қазақ халқының дарынды педагогтарының бірі М.Дулатов «Өзі білу мен өзгеге білдіру екі басқа, кісіге білдіру, яғни балаларды оқыту – өз алдына бір ғылым» – деп, мұғалімдерді оқыту практика-

сын меңгеруге шақырған.

Бұл мәселе бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жоқ. Теория мен практиканың ара салмағы проблемасы әлі күнге толық шешімін таппай отыр. Соңғы уақытта студенттердің теориялық даярлығына ерекше мән берілуі қажет, сонда мамандыққа қажетті іскерліктер мен дағдыларды өте қысқа мерзімді практика барысында меңгеруге болады деген пікірлер көп айтылып жүр. Осыған байланысты педагогикалық практикаға бөлінетін уақыт мөлшері де біртіндеп азайтылып келеді. Теориялық білімнің қажеттігін ешкімде күмән тудырмайтын талассыз мәселе болса, педагогикалық практикалардың мәні мен маңызын төмендету кәсіптік даярлықтың сапалық деңгейіне кері әсерін тигізеді анық.

Теориялық курстарда тәрбиелеу мен оқытудың ғылыми логикасы айқындалады. Соның нәтижесінде оқу-тәрбие процесстері, оның мәні, заңдылықтары, даму факторлары мен жағдайлары туралы ғылыми білім қалыптасады. Алайда теориялық білімді игеру оның дербес жұмыс тәжірибесінде жүзеге асыруға кепілдік бере алмайды. Мұндай кепілдік беру үшін теорияны жүйелі түрде игерумен қоса, практикалық педагогикалық іскерлікті үнемі жетілдіріп отыру қажет. Бір жағынан, қажетті педагогикалық білімсіз оқу-тәрбие процессін түсінуге және оны басқаруға болмайды. Екінші жағынан, жанды факторларға сүйенбей, яғни нақты мектеп қызметіне талдау жасамай тұрып, оқыту мен тәрбиелеу теориясын саналы меңгеру мүмкін емес. Сондықтан теория мен практиканың байланысы жоғары орындарындағы оқытудың басты қағидасы болып есептеледі. Теорияны терең түсінуді белсенді педагогикалық қызметпен үйлестіруге негізделген педагогикалық практикаларды ұйымдастыру, оның кәсіптік шеберлікті меңгертудегі ролін көтеру мәселесі – педагогикалық оқу орындарының алдында тұрған жетекші міндеттердің бірі.

Педагогикалық практика мазмұнын белгілеуде болашақ маман дайындығына байланысты мына қағидалар басшылыққа алынады:

- теория мен практиканың бірлігі;
- педагогикалық іскерліктер мен дағдыларды қалыптастырудың кіріктірілген сипаты;

Педагогикалық практиканы ұйымдастырудың өзіндік тәжірибесі мен дәстүрлері қалыптасқан. Осы практиканың жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби бағыттылығын тәрбиелеу мен педагогикалық бейімделуінде ерекше маңызды роль атқарды.

Өндірістік практика (педагогикалық) студенттермен пед. практикаға құжаттарды дайындау; мектептерді айқындау және студенттерді сыныптарға бөлу, практиканың мазмұны мен тапсырмалары жайлы мектеп басшыларымен кездесу және әңгімелесу, студенттермен танысу студенттермен танысу конференциясын өткізу, бейнелеу өнері және сыу курстарының мектептерге арналған оқулықтар мен бағдарламалармен таныстыру, мектеппен және мұғалімдерімен танысу, бейнелеу өнері және сызудан тәрбиелік жұмыс пен ұйымдастыру әдістемелеріне диспут өткізу, календарлық-тақырыптық және сабақ жоспарын құрастырып жасау, сабақ конспектілері мен сыныптан тыс жұмыстардың жоспарын жасау, көрнекі оқу құралдарын жасауға қатысу, білім процессінде техникалық құралдарды пайдалану, қорытындысын шығару, педагогикалық конференция өткізу қарастырылған.

Педагогикалық практиканың мақсаттары:

- студенттердің мұғалім мамандығына деген сүйіспеншілікке және тұрақты қызығушылыққа тәрбиелеу;
- Студенттің өзін-өзі тұтас педагогикалық процестің субъектісі ретінде сезініп, үздіксіз кәсіби-тұлғасын дамытуға деген қажеттілігін қалыптастыру;
- студенттің теориялық білімін тереңдету және бекіту;
- мектептің тұтас педагогикалық процесінде пайдалана отырып әлеуметтік психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдерін тереңдету;
- тұтас педагогикалық процесті құзырлылық әдіспен іске асыруға мүмкіндік беретін болашақ мұғалімнің кәсіби іскерлігін және дағдысын қалыптастыру;
- педагогикалық іс-әрекеттің, шығармашылық, зерттеушілік әдісін дамыту;
- «мұғалімнің тұлғалық-кәсіби сапасын қалыптастыру.

Педагогикалық практика бағдарламасы барлық педагогика мамандықтары үшін бірдей болып табылады.

Осының негізінде әдістемелік ұсыныстар, факультеттің мамандығына сәйкес педагогикалық практиканы өткізудің бағдарламасы жасалынады.

Жалпы оқу-тәрбие практикасының ерекшелігі студент алған білімі, іскерлігі мен дағдысы негізінде өз бетімен жұмыс жасайды. Сондықтан студент практикасын бағалағанда өз бетімен ізденушілік, шығармашылық қабілеттері, ұстаздық мамандыққа қажетті жауапкершілік, білімділік, талаптану сияқты жеке қасиеттер ерекше ескеріледі. Оған қосымша мектеп мұғалімдерінің жоспарынан тыс өз қабілетіне сәйкес бір пәннен үйірме, клуб т.б. жұмыс формасын ұйымдастырып, өз мүмкіндігін көрсету қажет. Сонымен

қатар студент жұмысының сапасын бағалауда әдіскер оқытушылар мына көрсеткіштерге де назар аударғаны жөн:

✓ Жоспар сапасы/жоспарлау теориясын меңгеру деңгейі; сыныптың білім, тәрбие деңгейін ескеру, жоспарды көркемдеуге қойылатын талаптардың сақталуы/.

✓ Жоспардың негізділігі/білімдік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттерді, сабақтың мақсатын, мазмұнын оқушылармен жүргізілетін жұмыс формалары мен әдістерін саналы меңгеру/.

✓ Өз бетімен жұмыс жасау деңгейі/практика жетекшілерінің, оқытушы-әдіскерлердің, мектеп мұғалімдердің көмегінің сипаты қандай? Сабақты ұйымдастырудың қай кезеңінде көмекті қажет етеді?/.

✓ Сабақты жоспарлауға жіберетін уақыты.

Педагогикалық практика болашақ суретші-ұстаздардың кәсіптік қалыптасуын, өзінің педагогикалық қабілетін дұрыс айқындауын, теориялық білімнің қажеттілігін терең сезінуін, педагогикалық шеберліктері мен дағдыларының, іскерліктерінің жетілуін қамтамасыз ететін біртұтас педагогикалық процесс болып табылады. Педагогикалық практиканың негізгі мәні сонда; практика барысында студенттердің кәсіптік даярлығы тұтастық сипат алып, арнаулы бағыттылыққа ие болды.

Қорыта айтқанда, практикаға дұрыс басшылықты қамтамасыз ету үшін практика мақсаты мен міндеттерін терең түсініп, практика қортындысына кіріктірілген талдау жасалу керек. Онда кәсіптік-педагогикалық іскерліктің қалыптасу деңгейі, студенттер іс-әрекетінің/сабақ, пән бойынша кластан тыс жұмыс, тәрбие жұмыстары т.б./ сапасы. Мамандыққа, балаға деген сүйіспеншілігі, педагогикалық практикаға қатынасы/жауапкершілігі, өз бетімен жұмыс жасау деңгейі, шығармашылығы, жұмысқа қызығушылығы т.б./, педагогикалық іс-әрекетке талдау және өзіндік талдау жасау деңгейі т.б. есепке алынады. Студенттер әрекетінің сапасы объективті жағдайларға тікелей байланысты екенін естен шығармаған жөн. Сондықтан практика кезінде студенттерге жеке қарым-қатынас, педагогикалық басшылық ден студенттің өзін-өзі басқару формаларының, тексеру мен өзін-өзі тексеру, бағалау сияқты жұмыс түрлерінің ұштасып келуінің маңызы зор.

Түйін

Мақалада ЖОО-ның көркем сурет факультеттерінде болашақ суретші-мұғалімінің кәсіптік даярлық жүйесіндегі педагогикалық практиканың маңызы, орны мен ерекшеліктері айқындалған. Сонымен қатар автор педагогикалық практиканың мақсат-міндеттерін терең аша отырып, оның болашақта кәсіптік даярлықта табысқа жетудің басты шарттарының бірі екендігі жөнінде сөз етеді.

Резюме

В статье рассматриваются цели и задачи, организация и проведение и комплексный характер педагогической практики студентов художественно-графических факультетов ВУЗ-в. А также автор раскрывает педагогическую практику студентов как неотъемлемой частью подготовки преподавательских кадров.

Summary

The article discusses the goals and objectives, organization and holding of pedagogical practice and integrated nature of art and graphics students of faculties in the University. As well as the author reveals the pedagogical practice of students as an integral part of teacher training.

ДЕКОРИРОВАНИЕ ПРЕДМЕТОВ ИНТЕРЬЕРА В ТЕХНИКЕ ДЕКУПАЖ

Г.Ш. Ибрагимова – ст. преп., кафедра Графики и дизайна

В каждом интерьере имеются некоторые элементы, которые грамотно взаимосвязывают большие и малые формы. Именно эти предметы оживляют интерьерное пространство. Предметы выполненные своими руками вносят в нашу жизнь некоторую уютную, теплую, душевную атмосферу, и именно на такие предметы, человек обращает больше внимание, нежели на вещи, вышедшие из под станка завода. Именно поэтому человек старается внести в свою жизнь элемент неповторимости, изыска, искусства, как процесс самовыражения своей индивидуальности.

Заниматься творчеством сегодня интересно и модно. Но что делать, если вязать и шить не хватает времени, а проявить фантазию сделать что-то полезное, красивое, а главное своими руками все же хочется? Тут и спасает декупаж. На волне популярности декупаж ворвался и в нашу страну, и теперь волнует заядлых рукодельниц и новичков, мастеров и художников.

Декупаж – происходит от французского глагола *decouper* (вырезать) – это вид аппликации. Его цель –

добиться эффекта нарисованной картины на декорируемом предмете (1).

Слово **decoupage** французского происхождения, обозначает «вырезать». Следовательно, техника Декупажа – техника украшения, декорирования, оформления с помощью вырезанных бумажных мотивов. Такая техника украшения была изобретена китайскими крестьянами в XII веке, именно они сделали тонкую красочную бумагу и стали украшать с ее помощью различные предметы. В Европу эта интересный метод декорирования пришел в XVII-XVIII веках вместе с красивой лаковой китайской мебелью, когда там появилась мода на «Восток». Продавцы не могли удовлетворить огромный спрос, и началось производство подделок. И техника декупажа распространилась по всей Европе. Развившееся течение ничем не уступало китайской технике. Декупаж использовали в своих работах даже знаменитые художники Матисс и Пикассо (2).

Суть техники декупажа заключается в том, что тонкий слой бумаги с декоративным рисунком наклеивается на поверхность декорируемого предмета, создавая при этом иллюзию ручной росписи. Декоративные узоры выпускаются на специальных салфетках для декупажа. Кроме того, узор для декупажа можно вырезать и из обычной бумажной салфетки, из журнала, открытки, этикетки или даже из оберточной бумаги (3).

Декупаж означает салфеточная аппликация, и сам вид этой деятельности довольно прост, с ним справиться любой. Этим то и привлекателен этот вид творческой деятельности. Другое дело как именно оценить выполненное изделие и отнести его к произведению искусства, или же к простой безделушке, украсивший ваш уголок жилища. Пусть над этим ломают голову эксперты по искусству, а мы просто с вами отметим, что это огромный пласт для творчества, и развития в человеке чувства прекрасного, которое дает возможность выполнить элемент декора для своего жизненного пространства.

Можно отметить, что в технике декупаж огромное множество технических нюансов по выполнению и декорированию той или иной вещи, например декупаж по жгуту, по яичной скорлупе, по бумаге и картону, декупаж объемный и пр. Осваивать данные технические приемы очень интересно. И каждый раз ты получаешь что-то индивидуальное и неповторимое. Можно отметить, что для декупажа используют разные материалы – это салфетки, специальные декупажные карты, это специальные рисунки на рисовой бумаге, специальный декупажный клей, ножницы и пр. материал. Наша цель не рассматривать материал, используемый при выполнении декупажа, наша цель – показать, что именно эта техника раскрывает большие возможности в декорировании различных поверхностей.

Итак, казалось бы, а что можно украсить бумажными салфетками? На самом деле всё, что Вашей душе угодно! Любая, даже самая невзрачная вещь перерождается в новую великолепную вещь, в настоящее произведение искусства. Это могут быть горшки для цветов, посуда, свечи, книги, музыкальные инструменты, шкатулки, сосуды, флаконы, мебель и т.д. и т.п. Даже одежда и обувь может быть украшена Вами на свой вкус. Дерево, кожа, текстиль, керамика, металл, гипс, картон – любые поверхности поддаются чудесным преобразованиям.

Единственное, что надо учесть (!) – они должны быть однотонными и не слишком темными, затем чтобы просвечивающийся рисунок, вырезанный из салфетки, был хорошо виден (4).

Есть и еще один прием, когда мы выбираем темную поверхность и при этом прокрашиваем ее акриловой краской преимущественно белого цвета, и затем на просохшую поверхность наносим композиционный рисунок салфетки, в этом разделе существует так же большое разнообразие выполнения фактур, методов старения – кракле и пр. технических нюансов выполнения. Нанесения краски в несколько этапов, когда создается метод трещин и просвечивания одного красочного слоя через другой.



Самое главное тут нужно не бояться экспериментировать – допустим, вы захотели создать серию живописных шедевров. Но вас останавливает тот факт, что вы не лучший живописец – есть выход, вы подбираете салфетки с живописными мотивами, покупаете холст под размер салфетки, несколько движений и ваш шедевр готов – оформляем в раму, и оформляем стены в вашем доме, ну чем не шедевр? Таким образом, вы получаете индивидуальный элемент декора, который еще и выполнен вашими руками.



Мотив для создания мини картины может быть любым – пейзажи, натюрморты, сюжетно-тематический элемент на разные темы, все будет зависеть от интерьера, от его смысловой нагрузки и функциональности данного пространства. Если это уголок в кухне, то тема может быть и кофейная и сладко-конфетная, если это детская – то тут могут присутствовать изображения мишек, кошек, бабочек и пр., если это коридор заядлого холостяка – то тут могут занять место ретро автомобили, или тема охоты, если это комната отдыха – тут смело занимают место цветочные мотивы, если вы зашли в комнату мальчишки – можно оформить стены элементами декупажа в морской теме. Полет вашей фантазии не знает границ, и эти границы тесно переплетаются с интерьером вашего дома и интереса.

Как отмечалось ранее предметами для декора могут служить разные вещицы – комоды, стулья, столы, рамы, зеркала, шкатулки, коробки, разносы, бутылки, стеклянные сосуды, доски, холсты, мелкие детали в виде вешалки, крючков, расчески, коробочки для хранения специй, тарелки, чашки и многое другое. Главное чтобы декорируемые вещи грамотно вписывались в ваш дом, чтобы гармонировали с цветом ваших стен, с мебелью и тканевой отделкой, чтобы гармонично соответствовали вашему стилю и не выделялись на общем фоне, а умело взаимодополняли друг друга.

В технике Декупаж можно выполнить подарок своими руками, вложив в него идею, замысел, красоту, душу.



1. Hobbyschool.com.ualdekupaz.html.
2. Ru.wikipedia.org/wikil.
3. Strana-sovetov.ru.
4. www.arshobby.com.

НАЦИОНАЛЬНОЕ ИСКУССТВО КАК СРЕДСТВО ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

К.К. Келденова – ст. преп., кафедра живописи, КазНПУ им. Абая

Всем известно, что национальные ценности в духовной сфере – огромное интеллектуальное богатство и неисчерпаемый резерв воспроизводства общечеловеческих ценностей, культурных и нравственных традиций народов, процесса общенационального созидания. Особенно важным сегодня является дальнейшее обеспечение совершенствования педагогических основ преподавания изобразительного искусства, исходя из народных традиций, народных промыслов.

На рубеже XX и XXI веков общество открыло для себя новый феномен – этническое возрождение или этнический парадокс современности. Сущность этого явления заключается в значительном повышении роли этничности в общественных процессах, возрождении интереса к этнической идентичности, языку, культуре, обычаям, традициям, образу жизни на фоне нарастающей интернационализации экономической и социально-политической жизни, глобализации человеческой деятельности. Таким образом, современные социально-экономические и политические перемены в мире наряду с ростом национального самосознания граждан многих стран актуализируют проблему сохранения этнической самобытности. В связи с этим проблема художественно-эстетического воспитания личности, формирования ее духовности через национальное искусство является одной из приоритетных, поскольку составляет основу ее общей культуры личности.

Согласно их точки зрения, гармоничному развитию личности способствуют с одной стороны, воспитание трудолюбия, с другой – высоконравственное отношение к истории и культуре народа. Историческая память, связь времен, мировоззрение народа сохраняется именно в национальном искусстве. Таким образом, усвоение национальной культуры, органически связанное с развитием чувства национальной принадлежности, интересов, чувства гордости за «свою» культуру в сочетании с уважением к культуре других народов – важная сторона в деле воспитания современных детей.

Видный исследователь детского творчества Н.П. Саккулина убедительно доказывает преимущества развития детского творчества средствами народного искусства: «знакомство детей с народными орнаментами, формирование у них некоторых приемов народной росписи вызвали бурное развитие декоративного творчества детей. Относительно простая изобразительная основа орнамента – многократно повторяющиеся растительные мотивы – позволяет детям сосредоточить внимание на построении пространственно-цветовой композиции рисунка» (1).

Мы опираемся на исследования М.А. Некрасовой, которая отмечала, что народное искусство, являясь носителем этнического ядра художественной культуры народа. «Народное искусство, содержит в себе

высшую целостность связи человека с природой, человека с человеком, человека с самим собой, народа с собственным прошлым, народа с народом» (2). Глубинным качеством народного искусства являются его общечеловеческие черты, выраженные через призму национального характера, национальных идеалов и ценностей.

С одной стороны, развитие творческой активности личности в процессе освоения народного искусства находится в определённой связи с коллективным опытом народа, этноса. С другой – не замкнутое «на самоё себя», народное искусство создаёт условия для диалога с иными культурами, понимания их самоценности. При этом необходимо учитывать, что ценности национальной культуры могут функционировать только как добровольно принятые, объективно ставшие свойством личности, следовательно, национальное самосознание развивается в том случае, если при определённых жизненных обстоятельствах те или иные нормы и идеалы национальной культуры приобретают личностный смысл.

Согласно их точки зрения М.А. Некрасовой, гармоничному развитию личности способствуют с одной стороны, воспитание трудолюбия, с другой – высоконравственное отношение к истории и культуре народа (2, 343). Результаты данных исследований свидетельствуют о том, что особенности «образного языка» народного искусства усиливают его эстетико-воспитательное воздействие, развивают эстетическую восприимчивость к явлениям и предметам окружающего мира. Историческая память, связь времен, мировоззрение народа сохраняется именно в национальном искусстве. Таким образом, усвоение национальной культуры, органически связанное с развитием чувства национальной принадлежности, интересов, чувства гордости за «свою» культуру в сочетании с уважением к культуре других народов – важная сторона в деле воспитания современных детей.

Развитие национального самосознания, положительной национальной (или этнической) самоидентификации процесс длительный и достаточно многогранный, предполагающий включение личности в культуросообразный процесс. В связи с этим проблему исследования мы видим в поиске путей художественно-эстетического воспитания школьников, основанного на ценностях национальной культуры, открытого для восприятия ценностей других народов. В этом процессе на наш взгляд, недостаточно исследована роль искусства, которое, являясь и формой общественного сознания и способом духовно-практического освоения мира, определяется как органическая составляющая духовной жизни народа.

В изучении генезиса и функции национального самосознания в последнее время широко стали использовать методы этнопсихологии и этнопедагогики. Это новое направление фундаментальных исследований характеризуется этнопсихологическим изучением личности в системе межнациональных отношений, культурно-исторических основ и сторон национального бытия, взаимосвязи и взаимообусловленности категорий единства общего и особенного, национального и инационального.

По мнению культуролога Нурманбетовой Д.Н. в национальном самосознании менталитет выполняет функцию конструирования гармоничного национального образа мира не рациональными, не логическими средствами, а посредством символизации духовной, художественной культуры этноса (3). Такого рода модификация предполагает трансформацию темпоральности национальной культуры. Сказанное означает, что именно духовная, художественная культура является средством формирования национального самосознания.

Национальное, как философская категория, представляет собой многие стороны жизни национальных общностей, воплощает многообразие индивидуального, особенного, отдельного, охватывает все богатство материальной и духовной жизни нации. Национальное, как нравственная категория, сложная проблема, касающаяся всех сторон бытия этноса. В нынешних условиях обновления общественной жизни она особенно актуальна, потому что связана с особенностями этнографической трактовки национальной культуры, национального мышления, с психологическим складом нации и сферами сознания человека. В.Г. Белинский писал: «Искусство никогда не развивается независимо – одиноко: напротив его развитие всегда бывает связано с другими сферами сознания» (4). Национальное в сфере сознания может быть отображением в художественной культуре национальных особенностей и национального характера народа, основной идеи его национально-исторической жизни, особенностей и национальной психологии.

Национальное своеобразие, национальные особенности восприятия мира находят яркое отражение в культуре этносов. Как полагает А.Г. Агаев, «...культура представляет из себя не только ценности, созданные народом, но и его творческую деятельность по их производству, распределению и освоению. Национальная культура охватывает все предметное и духовное богатство, созданное народом и используемое им в своем национальном существовании» (5). Поэтому эти два момента, образующие совокупности национальное своеобразие культуры, выступают специфически в каждом жанре искусства.

В любом этносе национальное основывается на общечеловеческом, динамично вбирая в себя культур-

ные ценности многих народов. Поэтому нельзя отрывать национально-специфическое от общечеловеческого. Национальная культура – закономерная ступень в поступательном развитии человечества. Мировая культура – это, прежде всего, совокупность национальных культур. Лучшие достижения национальной культуры входят в интернациональное, приобретая мировое признание, так как они несут общечеловеческие идеалы.

Национальная самобытность каждого народа складывалась исторически. Только полноценная и общечеловеческая значимая национальная культура гарантирует народ от вырождения, ибо культура, по словам И.Дзюба, основной выразитель творческой потенции этноса и основная цель исторического развития. Культура – не только наиболее достойный уровень выражения национального, она дает и наилучшую возможность нам быть понятыми другими народами (6).

Неотъемлемыми элементами национального самосознания в системе художественной культуры являются социальная память, топонимика и ономастика, сохраняющие и воспроизводящие в сознании нации и отдельной личности прежний опыт жизни, этнокультурные взаимоотношения, события и явления. Национальное самосознание в динамике его культурно-исторического развития через систему творческого сознания художников дает достаточное тому свидетельство, как оно складывается под влиянием различных факторов и принципов национальных отношений. Социальная память как древо духовной жизни этноса. Она доносит до него в наиболее точном виде все культурно-исторические события и факты.

Одним из факторов формирования этнической памяти и национального самосознания является топонимика, поскольку топонимические названия, передаются испокон веков и сохраняются в этнической памяти. Родной край является этнической колыбелью для каждого человека, и эта колыбель сохраняется в его исторической, социальной памяти на всю жизнь. Большую роль в системе социальной памяти играет ономастика, находившаяся в тесной связи с этническим сознанием. Этническое сознание – это не только осознание этноопределенных элементов материальной, социальной и духовной культуры, но и межэтнических отношений, которые складывались на протяжении истории развития этноса.

В изучении генезиса и функций этнического сознания, связанного с ономастикой, в последнее время ученые стали опираться на историческую и социальную память. Ведь в человеческих именах и фамильных наименованиях прошлого и настоящего можно найти много интересного этнокультурного материала, который повествует о состоянии общества на определенных этапах его развития, об особенностях духовной культуры, этнического наследия, а также истории нации. При межличностном общении фиксирование сходства и различия в именах и фамилиях имеет существенное значение для национального самосознания. В процессе этнокультурных контактов люди привыкают к восприятию и усваивают знакомые им явления внешнего мира. Это тот духовный и эмоциональный мир, к которому привыкают люди с детства, и вытравить их из национального самосознания невозможно, как невозможно забыть любимые имена – матери, сестры, любимой, родного края, страны. В системе социальной памяти и индивидуальном сознании национально-собственные имена играют большую роль. Они не только являются носителями признаков этнического сознания и национальной принадлежности, но и отражают историю и этнографию народа, его культуру и особенности мышления.

1. Сакулина Н.П. Изобразительная деятельность в детском саду. – М.: Просвещение, 1973. – 208 с.

2. Некрасова М.А. Народное искусство как часть культур. – М., 1983. – 343 с.

3. Штикалова Т.Я. Возвращение к истокам. Народное искусство и детское творчество. – Издательство: ВЛАДОС, 2000. – 193 с.

4. Нурманбетова Д.Н. Детерминация человеческой индивидуальности. – Алматы: Акыл кітабы, 1998. – 39 с.

5. Белинский В.Г. Избранные педагогические сочинения / Под ред. действ. чл. АПН Е.Н. Медынского. – М.;-Л.: Академия пед. наук РСФСР, 1998. – 280 с.

Резюме

В статье рассматриваются роль национального искусства, национальной культуры в художественно-эстетическом воспитании детей.

Summary

In the article examined role of national art, national culture in artistically-aesthetic education of children.

КӨРКЕМ ҚИЯЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МӘНІ РЕТІНДЕ

А.Т. Қожағұлов – аға оқытушы, көркемсурет және графика факультеті,
академиялық сурет және АПОӘ кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазіргі қоғамдық ғылымдар ішінде мәдениет философиясы өзінің мәнін тереңірек қайта қарастыру процесіне бой ұруда. Осы қажеттіктер бізге бейнелеу өнерінің, тіпті жалпы барлық шығармашылық процесінің бастамасы болатын көркем қиялды жан жақты, әрі терең арнайы зерттеулер арқылы қарастырып оның болмысы мен мән маңызын түсініп, мәдениет философиясы дәрежесінде талдауды қажет етеді. Сонымен қатар көркем қиялдың тек қана адамға тән, оның шығармашылық қабілеттерінің қайнар көзі екендігіне тағыда көңіл бөліміз келеді.

Бұл мәселенің болмысын кеңінен қарастыратын болсақ Қазақстан суретшілері дәстүрлі дүниетанымды да, мұсылмандық мәдениетпен бірге сіңген рухани болмысты да аттап өте алмайды, ол суретшілердің, шеберлердің, сәулетшілердің көркемдік проблемаларды шешу әдістерінен, образдық белгілерінде ұсынылған идеяларынан, нақыштарынан, пластикалық түзілім шешімдерінен, бояу түсіне жасалған акценттерінен, баяндау тілі мен образдық жалпы сомдалу сипаттарынан және оның оқылу ерекшелігінен көрінісі айдан анық нәрсе. Міне осыларды философиялық тұрғыдан қарап теориялық немесе әдіснамалық негіздемелер жасау қазіргі таңдағы актуальді мәселе болып табылады.

Көркем қиялдың табиғатының жан-жақты, көп аспектілі қыры мен сырын ашу үшін біз жалпы гнесологияның, психологияның, антропологияның сонымен қатар қазіргі ғылым әдіснамасының қол жеткізген табыстарын толығынан және орынды қолдана білуіміз қажет. Сондықтан да біз көркем қиялдың табиғаты мен болмысына бой ұруды жүзеге асырып отырып жалпы мәдениеттің қалыптасу даму өмір сүру болмысын қарастырамыз. Мәдениетті философиялық тұрғыдан түсіну, оның жалпы қалыптасқан белгілері мен байланыстарын анықтау тек қана бұл құбылыстың негізінде жатқан бастамаларды белгілегенде, қабылдағанда, түсінгенде жүзеге асырылмақ. Мәдениеттің мәндік негізінде әрине адам тұр, адам мәдениет арқылы өзінің ішкі мәндік күштері мен мүмкіндіктерін жүзеге асырады, әлемнің әртүрлі көркем образдарын жасайды, сол арқылы да ол табиғаттың басқада көптеген күштерінен ерекшеленеді.

Адам әрі жасаушысы, әрі оның дамуы мен жетілуінің жемісі. Осы көрсеткен бағытта қозғалсақ мәдениет философиясы объективті түрде антропологияға қарай бет бұрады, өте қажетті және өзекті сұрақты тудырады. Ол сұрақ-адамның көпқырлы қасиеттерінің ішіндегі қандай қасиетті мәдениеттің жасампаздық процесінің бастамасы болып есептеледі дегенге жауап іздеу. Бұған жауап ретінде ғылыми әдебиеттерде кездесетін антрофилософиялық анықтамалар мен сипаттамалар өте көп. Тек қана адамға тән қасиеттердің спектрі әрі кең, әрі көптүрлі: микрокосмос (антикалық кезеңде), әлемдік рухтың бөлшектерінің иегері (христиандық), интуиция (Декарт) ойынша (Хейзинг) тіпті күлкіші (Рабле), сонымен қатар ақыл-ой сана иесі, қолынан іс келетін жасампаз тағы да басқа. Адам анықтамаларының қандай қырын алып қарасақ та олардың бәрінде белгілі бір ақиқаттың көзі бар. Ол адамның тарихи әлеуметтік даму процесінде мәдениетті жетілдіре отырып өзінің де үлкен биіктерге көтерілгендігінің дәлелдері, қазіргі өркениет пен мәдениет соның ерекше көрінісі.

Біздің бұл мақаламызда алға қойған мәселеміз адамның көркем қиялын оның атрибутивтік қасиеті екенін әртүрлі мысалдар арқылы көрсете отырып дәлелдеу. Бұл феномен, біздің түсінігімізше ең басты мәдениет қалыптастырушы фактор болып есептеледі. Көркем қиялды біз кейде фантазия деп те қолданамыз, бірақ кейінірек бұл екі түсініктің арақатынасын анықтаймыз, себебі ол арнайы қарастыруды талап етеді.

Адамның көркем қиялы мәдениет қалыптастырушы бастама деп қарастырғанда біздің бұл мақаламыздың орталық мәселесі «фантазияшыл адам» феноменінің мәнін кеңірек ашу. Көркем қиял (фантазия) – ол жалпы мәдениеттің болмысын, өмір сүруін мүмкін ететін бастама. Мәдениеттің бастаулары, қайнар көзі алғашқы қозғалысы, себептік байланысы көркем қиялдың пайда болуынан басталады. Бұл бағытта біз, мәдениет фантазиядан пайда болып, тек қана фантазияның арқасында өмір сүруде деп нақты да кесімді айта аламыз. Әрине бұл ойымызды біз адамның шығармашылық мүмкіндіктерінің басқа да қасиеттері мен қыр-сырларының әсерлерін жоққа шығарып тұрған жоқпыз, яғни абстрақты ойлау, эмоция мен сезімдер, интуиция сияқты қасиеттерді. Олардың да мәдениетті жасауда қалыптастыруда өздерінің белгілі орындары бар екені айдан айқын белгілі факт.

Мәдениеттің қандай құбылысы болмасын – әлде қарапайым тастан жасалған балта ма, әлде өте күрделі космос кораблі ме немесе жас баланың салған суреті ме, әлде әлемдік ғажайып сурет туындысы ма, әйтеуір қайсысы болмасын көркем қиялдың заттық көрінісі болып саналады. Басқаша айтсақ сабасына түскен формаға ауысқан көркем қиял. Мысалы қағаз ақшаны алып оны физикалық қатынаста қарастыратын болсақ ешқандай да күші жоқ сияқты. Ал фантазиялап көрсек ақшаның қолы жетпейтін мүмкіндігі аз, адамдардың көпшілігінің ой-санасын билейтін магиялық күшке ие.

«Көркем қиял мүмкіндігі деді өткен ғасырымыздың басындағы ойшыл Т.Рибо, өте қажеттілік ретінде нан пісіретін наубайдың кәсібінде де, жаңа тоқаш түрлерін шығарғанда кездессе, үлкен әскери шайқастардың жоспарын жасайтын қолбасшының ісінде де шешуші рөлге ие» /1, 9/. Адамның іс-әрекетіндегі қол жеткізген табыстарының жемісі, оның көркем қиялының белгілі затқа айналған формасы болып есептеле-

ді. Егерде Гегелдің сөзімен айтатын болсақ «өзінің басқасына» ауысуы. Барлық мәдениеттің заттық көріністері көркем қиялдың басқа болмысы.

Көркем қиял (фантазия) – тек қана сезімдік материалды ойдағы қосу немесе айыру әдістері емес, ол – антропо-жасаушы фактор ретінде де көрініс табады, сонымен қатар өз болмысында мәдениеттің «гені» қасиетіне де ие, себебі тек қана көркем қиял адам болмысына тән басты қасиет болып есептеледі.

Көркем қиялды зерттегенде оны универсальді, адамның атрибутивтік және мәндік қасиеттері ретінде қарастырғанымыз жөн болады. Фантазия барлық таным процесінің мәнін көрсетіп қоймай, сонымен қатар оның барлық бағыттарын да анықтайды, тірідей пайымдаудан бастала отырып кейін күрделі ойқорытулық теориялар қалыптастыруды, қоғамдық сананы белгілі бағытқа бұра отырып, құндылықтар мен идеяларды дүниеге әкеледі, сөйте отырып руханилықтың жоғарғы үлгілерін жасайды, адаммен байланысты жан-жақты жетілдіреді.

Көркем қиялды мәдениет тануымыздың қалыптасуының анықтаушы факторларының бірі, әрі оның нәтижесі ретінде қарай отырып, біз бұл қасиетті мүмкіндікті тым психологизациялаудан бас тартуымыз керек, сол сияқты оны эпистемологизациялаудағы ауытқулардан сақтап қалуымыз қажет. Себебі көптеген соңғы зерттеулерде ол бағыттар технократизацияға алып келуде. Біздің бұл мақаламызда алға қойған мүддеміз көркем қиялдың мәселелерін психологиялық аспектіде және гнесеологиядан мәдениеттанумен мәдениет философиясының ауқымына қарай ауыстырып қарастыруға әрекет ету.

Көркем қиял мүмкіндіктерінің ролын универсальді мүмкіндіктер ретінде зерттеу оның эпистемологиялық психологияның анықтамаларын көрсетуді жоққа шығармайды, сонымен қоса оның мәдениет құрамын қалыптастырушы фантастикалық образдар жасау қасиетін ерекше ашып береді, олардың бәрі мәдениеттің іргетасы болып саналады.

Адамның көркем қиялдық мүмкіндіктері ең алғашқы кездің өзінде ак ойын алдына қойған белгілі межелерге жетуді іске асыруының процесінде қалыптаса бастады, ол үшін ой жүзінде нақты табиғи болмыстан бой ұзу мүмкіндіктерін дамыту қажет болды. Бұл адами шығармашылық қасиеттердің бастамасы еді. Оның көмегімен адам өзінің іс-қимылын ой жүзінде жоспарлап, алған межеге жетудің әдіс-тәсілдерін қалыптастырды. Шынайы өмірден қиял көмегімен жоғары көтеріле отырып көркем қиял шығармашылық іс-әрекеттің шешуші бастамасына айналады. Әрине қай кезде де көркем қиял танымда негативті қасиеттерге де ие болады, жалған фантастикалық образдар қалыптастырып, иллюзиялар мен кателесулерге де алып келуі мүмкін, олар дүниені объективті қабылдауға ақиқатқа жетуге бөгеттік жасайды, сондықтан да біз көркем қиялдың бұл қырын қарастырмаймыз, олар әрине ерекше зерттеулердің нысаны болмақ.

Көркем қиял түсінігі әрі психикалық процесс, әрі оның нәтижесі ретінде қарастырылады. Нәтиже ретінде ол адам санасындағы шынайы бейнеленуі оның барлық болмыстық қасиеттерінің қыры мен сырының қабылдануы. Ал енді көркем қиял процесс ретінде-ол сезімнің образдың материал ретінде қайтадан жасалуы. Зерттеушілер көркем қиялдың негізгі механизмдерімен тәсілдері ретінде төменгі қасиеттерін көрсетеді: агглютинация, гиперболизация, акценттеу, ұқсастандыру, типтеу, реконструкциялау т.б. /2, 37-41/, /3, 18-23/. Агглютинация (біріне бірін желімдеу) әр түрлі ұқсас емес заттарды, олардың құрамдас бөліктерін бір-бірімен бір бүтін ретінде қарастыру. Осы тәсілдің әсерінен біз табиғатта бір-бірінен алшақ заттарды жақындата бүтіндікте қарастыруға мүмкіндік аламыз. Агглютинацияның нәтижесі ретінде біз көптеген техникалық шығармашылықтың жетістіктерін көрсете аламыз. (адамның қол еңбегін өз мойнына алған машиналар), сол сияқты көркем образдар (андық стильдегі сак, скиф туындылары).

Ал гиперболизацияның мәніне келетін болсақ заттар мен құбылыстарды не тым үлкейтіп, кейде тіпті кішірейтіп суреттеу. Бұл әдістердің көмегімен көптеген көркем әдебиетте де кездесетін образдар жасалған. Фантастикалық көрністердің мәніне жетуде көбінесе ұқсастандыру әдісінің ролі зор. Бұл әдіс мифология мен өнертану мәселесінде жиі әрі табысты қолданыс табуда. Типтеу әдісіне келетін болсақ көптеген құбылыстардағы біркелкі қасиеттерді бөліп алып образдар қалыптастыру. Бұл әдістің көмегімен көркем әдебиеттегі образдар жасалады. Белгілі бір нақты қоғамдағы элеуметтік топтағы адамның статусының құрамдас бөліктері көрсетіледі.

Ал енді реконструкциялаудың мағанасын ашсақ кейбір белгілеріне сүйене отырып белгілі бір затпен құбылыстың бүтіндей образын жасау. Бұл әдістің маңызын біз әр түрлі мемлекеттерді олардың рәміздері арқылы тану барысында түсіне аламыз (герб, ту, әнұран). Осы атрибутикалар арқылы біз белгілі-бір елдің тарихынан, мәдениетінен ақпараттар алу мүмкіндігіне қол жеткіземіз.

Көркем қиялдың қайсы бір қырын қарасаң да олар бір-бірімен өте тығыз байланыста жатыр, таза түрінде жекелей олар ешқашанда кездеспейді кейбір механизмдерінің кей кездердегі басымдығын айтуға болады, ал бірақта көркем қиялда олар ешқашан да жеке дара кездеспейді. Оны біз философия тарихының мысалдарымен көптеп кездестіре аламыз. Айта кететін жай, көркем қиял дүниенің бүтіндей образын

жасауда әр түрлі элементтерді нақты өмір тәжірибесінен, белгілі адамзат қоғамының нақты тарихи даму жағдайы мен деңгейінен алады. Сондықтан да адам фантазиясы шынайы өмірден тым алшақ болуы мүмкін емес, оның негізі нақты адамның күнделікті өмірінің бейнесі, оның сезімдік қабылдауы ретінде қалыптасады. Көркем қиялдағы шығармашылықтың әсері ол сезіммен қабылданғанды синтездей отырып образдар жасағанда көрініс таба бастайды.

Сонымен бұл мақалада біздің көрсеткіміз келгені көркем қиялдың көп қырлы болмысы мен қасиеттері және адамды адам етіп қалыптастыруда дүниенің жаңартылған жасампаздық образдарын жасаудағы оның ролі. Сонымен қатар айтайын деген басты ойымыз-көркем қиял антропожасаушы белгі ретіндегі адами көптеген қасиеттердің ең негізгілерінің бірі екенін көрсете отырып, ұлттық бейнелеу өнерінің мән-мазмұнын тану мен оның болашақ дамуындағы ерекше орнына тоқталу.

Бұл айтқан ойларымыздың дәлелдерін біз қазіргі Қазақстан Республикасындағы бейнелеу өнерінің қалыптасуымен дамуынан көре аламыз. Көркем қиялдың болмысына бой ұру біздің түсінігімізше көптеген тамаша да көркем шығармаларды дүниеге әкелуімізге ізгі әсерін тигізбек деп есептейміз.

1. Рибо Т. *Творческое воображение*. СПб.: Ф.Паштеева, 1901. – 231 с.
2. Беркинболит М.Б., Петровский А.В. *Фантазия и реальность*. – М.: Наука, 1968. – 168 с.
3. Корицунова Л.С. *Воображение и его роль в познании*. – М.: МГУ, 1989. – 216 с.

Резюме

Данная статья посвящена открытию смысла и значения человеческого воображение. Автор определяет человеческое воображение как важный и атрибутивный антропообразующий признак, и свою мысль доказывает с различных сторон данный проблемы.

Summary

This article understand the posveschena opening values of human voobrozhenie. An author determines human imagination as important and attributive antropoobrazuyuschii sign, and proves the idea from different staron given problems.

ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ПРАВСТВЕННОСТЬ В КАЗАХСТАНЕ

Б.И. Кожабасева – к.п.н., проф.,
А.И. Ибрагимов – к.п.н., ст. преп.

На современном этапе Республикой Казахстан взят курс на демократические реформы, признание прав и свобод человека, независимо от национальной принадлежности, на недопустимость дискриминации по этническому и расовому признаку.

Насущная потребность в концепции этнокультурного образования вытекает также из кризиса образовательной системы в переходную эпоху. Выход из кризиса, возврат в лоно нормального цивилизованного развития требует не только передовых технологий, и новой техники, квалифицированных специалистов и научных достижений, но и возрождения национальных духовных ориентиров, нравственных и культурных ценностей, обычаев и традиций, способа мышления и языка.

Исследование литературы и научно-педагогических изысканий указывает о возрастающем интересе к проблеме формирования личности в культурологическом плане. Подрастающему поколению необходимо знать истоки своей национальной культуры, ее особенностей, которые помогут ему найти свое место в связующем звене преемственности поколений, когда свое национальное будет тем единственным субстратом, который позволит принять общечеловеческое, принять и понять другое национальное.

Духовные ценности народа – это плод его многовековой созидательной и творческой деятельности. Духовная культура – сфера человеческой деятельности охватывающая различные стороны духовной жизни человека и общества. Духовная культура представляет духовный мир каждого отдельного человека и его деятельность по созданию духовных продуктов, которым можно отнести творчество писателей, ученых, художников, законодателей и т.д. Продукты духовной деятельности или духовные ценности – книги, полотна, обычаи-традиции, устное поэтическое искусство и т.д. Духовная культура проявляется через различные формы общественного сознания и воплощается в искусстве, литературных, архитектурных и других памятниках человеческой деятельности.

Духовную культуру казахского народа составляют язык, традиционно-музыкальное творчество, устно-поэтическое, народные знания. В основе духовной культуры лежат и народные праздники и игры, религия, традиции, обычаи, искусство и т.д. Национальное самосознание – это, по существу, осознание народом своей собственной социально-этнической сущности, осознание того, какую реальную роль он

играл или в потенции может играть в истории человечества, каков его вклад в общечеловеческую цивилизацию. Это осознание своего естественноисторического права на свободное, независимое существование. Этнос строит свою культуру, сообразуясь с потребностью обрести духовную гармонию между собой и окружающими и принадлежащими ему предметами. Иначе говоря, национальная культура в ее художественном и эстетическом измерении – это образная модель мироздания, космос, принятый и освоенный человеком, мир очеловеченный и его историческая среда существования.

Язык – форма культурной действительности. Язык каждого народа отражает его историю, жизнь, быт и культуру. Язык, как средство человеческих отношений, является социальным бытием, он связан с обществом. Он является не просто сочетанием звука и знака, но и, что самое главное, средством культурной преемственности. О силе языка, его важности в развитии интеллекта, необходимости людям, его великолепии и национальных особенностях говорили во все времена.

Приверженностью к родному языку, к родине, своему народу проникнуты все вопросы воспитания и обучения выдающегося русского педагога К.Д. Ушинского, который в свое время правильно заметил, что каждый народ свои мысли и чувства, стремление продолжаться в новых поколениях передавал через родной язык. Язык народа – это проявление творческой способности, дар слова не одного человека, а многих людей, бесчисленного множества жизней, бесчисленных поколений. Выступая защитником родного языка, поборником прав каждого народа, говорил: «Пока жив язык народный в устах народа, до тех пор жив и народ». Поэтому нельзя допустить, чтобы язык народа, как его величайшее сокровище, исчез или предался забвению.

Бесспорно, язык народа живет и формируется вместе с жизнедеятельностью и развитием народа. Именно в нем отражается вся его история в своем многообразии. На протяжении всей своей жизни Абай Кунанбаев посредством художественного творчества воплощал в жизнь свои культурологические идеи для нравственного воспитания народа. Поэтому в своих произведениях он говорил о роли и значении родного языка, поэзии, устного народного творчества. «Знание чужого языка и культуры делает человека равноправным с этим народом, он чувствует себя вольно, а если забота и борьба этого народа по сердцу, то он не может оставаться в стороне». Время национальной культуры раскрывает диахронный срез культурно-исторической эволюции, фиксирует специфику соотносительности «время-природа-общество-человек», специфику соединения объективных и субъективных временных ритмов жизнедеятельности, как они по-разному проявлялись в различных цивилизациях, в рамках конкретного исторического времени. В рамках локальных обществ, всегда существует аритмия, несоответствие временных форм и существования ее составляющих: индивидов, их жизнедеятельности, условий этой жизнедеятельности. Время национальной культуры многовекторно: человек осваивает ритмы собственного, природного и социального бытия и ретроспективно и перспективно. Обратимость времени может стать способом объединения разновременных культурных феноменов, обогащая ее. Кочевым народам присущи своеобразные представления о времени. Время для кочевника не векторное, ациклическое. Занимательно не течение времени, а то, что в нем происходит, время – не пустая деятельность, а промежуток жизни, наполненный событиями. С понятием цикличности времени связывается и представление о неразрывной связи прошлого, настоящего, будущего. Традиции и обычаи – это прошлое, живущее в настоящем: поколение – это возможность ощутить себя как связь между настоящим и будущим. Для казахского фольклора характерна открытость художественного времени, совмещения в айттысе, эпосе сразу нескольких временных рядов. В казахском фольклоре выступает как неделимое целое синтез прошлого и настоящего. Прародители, давно умершие, постоянно существуют в сознании живых, помогая или противодействуя им. Время воспринимается в статике, нелинейно, герои всегда остаются молодыми, два действия не могут быть обрисованы одновременно, если они совершаются в двух местах двумя различными персонажами. Статическое восприятие времени определяет этические и эстетические оценки и характеристики. Положительный герой останется им до конца, также и отрицательный до конца будет отрицательным.

Язык этноса, его краски, художественно-образительные нормы очень трудно поддаются трансформации. Историческое время соседствует с мифологическим и часто противопоставляется мифологическому как реальность – древней и нестареющей мечте человечества. Остаются постоянными и образные средства, рожденные в недрах традиционного миропонимания. Целый строй образного мышления, эстетических представлений народа зависит от системы обычаев, от традиций, выработанных сообразно особенностям своей жизнедеятельности. Психический склад и национальный характер проявляются в национальном искусстве и литературе в виде своеобразных черт национальной культуры, которые часто облекаются в формы обычаев и традиций. Эпосы «Кыз-Жибек», «Козы-Корпеш и Баян-Сулу», например, – это история, быт, нравы казахского кочевья. Поэтому для казахской литературы, имеющей богатую

устно-поэтическую традицию, было вполне естественно развитие поэзии, основывающейся на устном сложении, на импровизации. Художественная традиция фольклора, устного поэтического творчества богата и разнообразна. Но поскольку в ней воспроизводится миропонимание древнего казахского этноса, она в силу своей эпичности, мифологичности продуцирует весьма условные описания.

Своеобразие типа жизни этноса во многом устанавливает и своеобразие его художественного мышления. Подчиненность казахского языка, точнее, зависимость образно-речевых средств от мировосприятия и мироощущения народа обнаруживается практически во всех сферах употребления образной речи. Это сказалось на звуковой природе речи, на пространственных обозначениях. Отпечатки национального образа мышления, сугубо казахских понятий и представлений заметны в оборотах речи, метафорах, казахской поэзии о земле и водах, о степи и горах, о природе и кочевье. «Традиция выражена испытанными, привычными народному мышлению, соответствующими народным эстетическим вкусам изобразительными приемами и всем богатством национального языка».

В течение веков поэтическое искусство казахского народа выражалась в устной форме. Казахский народ выражал и выражает посредством устно-поэтического слова свое отношение к жизни, рассказывает свою историю. Героями устной поэзии являются простые люди, труженики, богатыри. В песнях, пословицах и других произведениях фольклора говорится о любви к родине, о борьбе с захватчиками и угнетателями, о победах человека над грозными силами природы, о дружбе и любви.

Явления устной речи только внешне выглядят монологами и диалогами, а внутри них всегда присутствуют «голоса» всех воспринимающих, которые обогащают устную форму, творят и создают ее семантические стороны. Казахская речь, слова имели довольно длительную историю развития преимущественно в устной форме. К.Ш. Нурланова в своей исследовательской работе «Эстетика художественной культуры казахского народа» обращает особое внимание на развитие художественного слова, как особенному виду народного творчества. «Импровизация как вид творчества имела повсеместное, и широкое распространение ... сказывалась на развитии способностей и воображения». Автор подчеркивает также, что этот вид творчества, при котором сочинение происходит непосредственно в процессе исполнения, является показателем красноречия, обладания ораторскими способностями. «Казахи по своей природе являются прирожденными ораторами, имеют облекать свои мысли в прекрасную и образную форму, получают большее удовольствие, слушая красивую и стройную речь других», – пишет в своей книге «Эстетическая культура казахского народа» Б.Р. Казыханова. И, действительно, в казахском менталитете многовековой опыт осмысления окружающего мира, его строения, свойств, места человека в мире взаимоотношения между человеком и природой, между людьми находили свое отражение в пословицах и поговорках.

Пословицы являются нравственным кодексом, который обогащают нормы народной морали, говорят о том, что, прежде всего, ценится в человеке. Культурная ценность их выражалась в том, что на протяжении веков народ обобщал в них свой социально-исторический опыт. Ибо пословицы и поговорки создавались народом на основании жизненных наблюдений, своего материального и духовного опыта. Уникальность их в том, что народные афоризмы создавались умом и смекалкой миллионов, проверены вековым опытом многих поколений. Как верно заметил в свое время К.Д. Ушинский: «Это речевые самородки и самоцветы, в которых выкристаллизовалась мудрость народа».

Отношение казахов к пословицам и поговоркам можно понять из этой точной фразы. «В половодье нет рыбы, в пословице нет лжи». Нравственная ценность этого «памятника народной культуры» заключается в том, что не одно поколение воспитывалось на мудрых и правдивых примерах своих предков. Передавался не только опыт прошлых лет, но и прививалась специфика мышления, особенность менталитета казахского народа. Приведем примеры назидательных пословиц: «Будешь без лени трудиться – будешь сыт без подаяний», не теряет своего значения и сегодня, как формирующая у молодежи качеств трудолюбия. Поражает своей лаконичностью пословица для привития нравственных норм и правил: «Умение терпеть (выдержка) – поистине золото».

Немало народных пословиц о том, каким должен быть "Жаксы адам" – хороший человек. Он должен быть отзывчив, трудолюбив, гостеприимен, чистосердечен, доброжелателен, прямодушен и честен, прост и строг к себе. Плохой человек – праздный гуляка, болтун, клеветник, лентяй, сплетник и лгун; он двуличен, не помнит добра, скуп, думает только о себе: «От хорошего – доброе слово, то от плохого – сор», «У хорошего нет ненависти, у плохого совести», «Хороший идет за делом, дурной за угощением». К идеологическим, экзистенциальным можно отнести пословицы, пронизанные патриотическими чувствами народа: «Чем быть султаном на чужбине, лучше быть полезным для своего народа».

Таким образом, поговорки, пословицы и другие образцы духовной культуры характеризуют этническую культуру и целостность народа, соответствующие динамике жизни.

1. Наурызбай Ж.Ж. *Этнокультурное образование*. – Алматы, 1997 г.
2. *Этнопедagogика народов Казахстана*. – Алматы, 2001 г.
3. Узакбаева С.А. *Казахская этнопедagogика*. – Алматы, 1998 г.

Түйін

Бұл мақалада жастардың адамгершілігін тәрбиелеуде қазақ халқының рухани байлығы мен этномәдениеті көрсетілген. Халықтың рухани мәдениетінде әдет-ғұрып, дәстүр мен мақалдардың орны, қарастырылған.

Summary

The article describes the spiritual values and ethnic culture of the Kazakh people in the education of morals among the young. The role of the traditions, customs and proverbs in the spiritual life of the people.

КЕЛЕШЕК ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНДА БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІМІЗДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.Қ. Арпабекова – *Магистратура және PhD докторантура институты, Бейнелеу өнері және сызу мамандығының 1-курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазақстан Республикасы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасында маңызды міндеттер ретінде рухани және мәдени мұраны соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің, әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениеттің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің толыққанды жүйесін құру мәселелері ретінде: «Білім беруді жаңарту үдерісі деп – ұлтымыздың салт-дәстүрін, мәдени мұрасын, рухани құндылықтарын, яғни оқу-тәрбие үдерісін біртұтас алып жүретін халықтық педагогика негіздерінен құралатын ұлттық идеологиялық бағыттың тұрақты бір жүйесін түсінеміз» – деп айқын көрсетілген.

Осыған орай, қазіргі кезде жаһандану және қазақ халқының рухани өрлеуі жағдайында жас ұрпақты өз халқының рухани, мәдени қазынасын, оның ұлттық мәдени-эстетикалық құндылықтарын өнер, оның ішінде бейнелеу өнері арқылы тәрбиелеу мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеп, практикалық жағынан жетілдіре түсу қажеттілігі айқындалып отыр. Бейнелеу өнері сонымен қатар өсіп келе жатқан жастардың ұлттық рухының биік болуына, салт-дәстүрі мен Отанға, елге, жерге деген махаббатын оятуына үлкен үлесі бар. Бейнелеу өнері арқылы жеріміздің қандай көркем, қарасаң көз тоймастай сұлу, бай екендігін көреміз. Ұлтты ұлт етіп тұрған, ең алдымен, оның менталитеті. Сол менталитет жоғалса ұлт бейнесі, ұлт болудан қалады. Біздің жастар қазір тым еліктегіш болып барады. Қай салада болмасын батысқа қарап бас шұғылып, табынып жүргендер аз емес. Бұған себеп, ұлттық рухымыз бен болмысымыздың соншалықты жалаңаштануы. Қазір Елбасымыз болашақ жастардың еліне деген отансүйгіштік сезімін оятуды басты кезек күттірмейтін мәселе ретінде қарауды талап етіп отыр [1].

Өнер ең алдымен ұлттық болуы қажет. Әр суретші өзінің Отанын, салт-дәстүрін, жерінің сұлулығы мен әдет-ғұрыпын бейнелеуге тырысу керек деп ойлаймын. Сол арқылы ұрпақты тәрбиелеп, салт-санамыз бен әдет-ғұрпымызды келешекке біз жеткізбесек кім жеткізбек?! Қанша жерден шет елге қарай еліктегенімізбен, қанша жерден шет елдің әр ісін көшіріп, абстракция десе, абстракция, бәлен десе бәленді салғанымызбен екінші Леонардо, екінші Мекеланджело бола алмаймыз, одан да өзіміздің ұлттық менталитетімізге тән, жастарға тәрбие беретін, салт-дәстүрімізді әлемге танытып, қазақ деген елдің мықты екенін мойындатып, ата бабаымыздан қалған қазақтың қол өнерін шекпен жауып өзіне жаңа оймен сыйлай білсек болғаны деп білемін. Өзгелерге еліктейміз деп жүріп – ұлттық дәстүріміздің қадір-қасиетін жоғалтып алмау жағын ойластырғанымыз жөн. Жақсыны білу керек, тыңдау керек, бірақ ақылмен сараптап іске асырған абзал. Өзіміздің ұлттық рухани байлығымызды жоғалтып алмай, өнерімізді ел игілігіне жұмсауымыз біздің парызымыз. Өнердің адам тәрбиесіндегі рөлі басты мақсатта болуы керек. Өнер арқылы, терең біліммен өскелең ұрпақты тәрбиелеп, еліміздің болашаққа деген сенімін нығайта түсуіміз керек. Рухани мәдениетімізді қалыптастыруда бейнелеу өнерінің қосар үлесі мол. Рухани мәдениетіміздің зерттелу тарихын дәл мәден уақыттан басталды деп басып айту қиын. Халықтық мәдениеті көне болғандықтан, оның зерттелу тарихы да соншалықты тереңге таратады. Сол сияқты рухани мұрамыздың жиналу, саралану, насихатталуы да тереңге тамыр созады. Мәдениет – қоғамның өмір сүруінің қозғаушы күші. Қазақстанның мемлекеттік басшысы Н.Ә. Назарбаев: «...бүгінгі таңда біздің төл мәдениетіміздің міндеттерін өзіміз айқындай алатын мүмкіндігіміз бар. Оны шешу мәдени санаткерлеріміздің еншісінде екенін атап көрсетті. Қазақ мәдениетінің үш мың жылдық тарихы ұрпақтарға жалғастық пен сабақтастық арқылы жетіп отыр. Мәдениеттің басты таратушылары болған көшпенді ата-

бабаларымыз рухани қазынаны ең биік құндылыққа қоя алғандықтан және өздері сол рухани құндылықты бойына жинақтай да білді. Қазіргі бізге жеткен ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптардың қайсысын алып қарасақ та осыны аңғарамыз. Кешеге дейін өткеніміз бен бүгінгіміз жалғастырған нәзік жіп үзілмей, ұрпақ пен ұрпақты байланыстырып келеді. Сәби кезімізден анамыздың әлді мен әжеміздің ертегісін тыңдадық. Демек, ұрпақтар сабақтастығы үзілген жоқ. Мәдениетіміз тірі, оған серпін мен ырғақ керек. Ғасырлар бойы екшеленген мұраларды бір сәт те естен шығармаған абзал» – деген [2].

Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол – өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа Қаза халқының ұлттық мәдениетінің өркендеуі жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттық рухани негіздерін қалыптастыратын халық дәстүрлерімен тәрбиелеудің маңызы зор. Әрбір адам өз халқының рухани қазынасы мен оның ұлттық мәдениетімен әдет-ғұрпы дәстүрлерімен неғұрлым тереңірек танысуы қажеттігі туындап отыр. Өйткені өз халқының ұлттық ерекшеліктерін сезінбей басқа халықтың өзіне тән белгісін толық түсіну мүмкін емес. Өнердің барлық түрі өзіне тән бейнелі тілі, тәсілдері мен әсемдік әлемін ашып көрсете отырып, адам сезіміне әсер ететіні мәлім. Қазақ халқы сонау ерте заманнан-ақ күнделікті еңбек қызметінде өзінің қолданбалы өнерін дамытып отырды. Сәндік өнерге тән ерекшеліктер: айналадағы ортамен, өмірмен, еңбекпен тығыз байланысты болды. Сән өнерінің әлеуметтік-тәрбиелік ролі тек оның туындыларының өзіндік көркемдік, эстетикалық құндылығы мен бағаланбайды, сонымен қатар адамның өз заманына сай талғамын білдіруінен, өткендегі мәдениетпен, ұлттық дәстүрлерімен сабақтастығынан көрінеді. Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеу дәстүрі отбасындағы еңбек тәрбиесінде негізделген. Кәсіп пен өнердің түрлері олар үшін күн-көріс көзі ғана емес, рухани қажеттілік тәрбие құралы да болған. Отбасындағы еңбек тәрбиесі екі түрлі мақсатқа: баланы еңбек етуге қабілет икем дағдысын дамытуға, немесе сол негізінде оның бойында халықтық ізгі қасиеттерді дарытуға бағытталған. Балалардың отбасындағы еңбек дағдыларын одан әрі дамытуда елге танымал өнер мен кәсіп шеберлерінің халықтық тәрбиеші ретіндегі тәрбиелеу ықпалы зор болған. Халқымыз тек қана еңбек тәрбиесі емес, әр алуан саладағы тәрбиеге көңіл бөліп оны алуан жолмен берудегі дағдыға енгізген. «Өнеріне қарай – өрнегі» байқалып тұратын шебер адамды «Бармағынан бал тамған» деп жоғары бағалаған. Оларды халық өздерінің ұл мен қыздарына үлгі-өнеге ете отырып олардың бойына өз халқының рухани мәдениетін сіңірген. Мұндай жетістікке адам тек қолөнер кәсібінің құпиясын, қыр-сырын меңгергенде ғана жететінін де санаға сіңіріп отырған. Сән өнеріне балаларды, әкешешелері, ауылдың тәжірбиелі салихалы қарттары, өнер шеберлері баулып отырды, сонымен бірге өз тәжірбиелерінде түсіндіру, ақыл-кеңес беру, қолдау, мақтап-марапаттау және тағы басқа тәсілдерді пайдаланады. Әдетте халықтық педагогика ер баланың тәрбиесіне әкелері, қыз-балалардың тәрбиесіне аналары көбірек көңіл бөлгені мәлім. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар» деген мақал-мәтелдер соның айғағы болса керек. Балаға қолөнер кәсібінің бір саласын меңгерту өздеріне байланысты деп түсінген ата-ана өздеріндегі бүкіл жақсы қасиеттерді солардың бойына сіңіруге тырысты. Егеменді елдің болашақ азаматтары – бүгінгі студенттердің қандай құндылықтарға бағытталғандығы, нені қадірлеп, қастерлейтіні, қоғамда қандай әлеуметтік қызметті атқаруға даяр екендігі мемлекеттің өсіп-өркендеуіне әсер етуші факторлардың бірі ретінде маңызды орын алады [3].

Қазақ халқының бірегей ұлы тұлғасы Мұхтар Омарханұлы Әуезов: «Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, бесігіңді түзе!» – деп бекер айтпаған. Кеңестік өкімет кезінде, «совет елі», «совет халқы», «ұлттар достастығы» деген құйыртқы ұранның аясында қазақ халқы өзіндік ойлауы, ата-дәстүрі, мәдениеті мен тілі, дінімен қоштасуға аз-ақ қалды.

Елбасының жарлығымен 2000 жыл елімізде «Мәдениетті қолдау жылы» – деп жариялануы, өткенімізді қайтару, тірілту, тіл мен мәдениетімізді қайта жаңғырту мақсатында енгізіліп отырғаны мәлім.

Адам баласының жарқын өмірінде мәдениеттің атқарар қызметінің маңызы ерекше. Мәдениет ұлттың бейнесі, болмысы. Ол адам әрекетінің саналы қызметінің көрнісі. Сондықтан да мәдениет ұғымы қоғам өмірінің түрлі салаларында жиі қолданылады. Сонымен қатар адамзат тарихын зерттеушілер де мәдениет мәселесін қамтымайынша дұрыс пайымдау жасамайды. Өйткені адамның дамуы мәдениетпен тікелей байланысты. Ол өрелі өркениетке бастайтын даңғыл жол. Ел дамуының алтын қазығы. Бүгінгі таңда жастардың рухани мәдениетін дамытуда және эстетикалық тәрбиенің ұтымдылығын арттыруда халықтық өнерді рухани-мәдени құндылық ретінде зерттеудің, оның тәлім-тәрбиесі, мол тәжірибесі негізінде жасөспірімдерді тәрбиелеудің теориялық-практикалық негіздерін зерттеудің қажеттілігі туындап отыр [4].

Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, яғни ұлттық рухани-мәдени құндылықтар арқылы студенттерге эстетикалық тәрбие беру мәселесін зерттеуде осы аталған ұғымдарға жан-жақты теориялық талдау жасауға тоқталамыз.

Қоғамдағы жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлар білім беру мәні мен оның түпкі нәтижесін қайта қарауды талап етуде. Бүгінгі азаматтың білімділігі, шығармашылық ізденіске қабілеттілігі сияқты тұлғалық сапалары елдегі саясаттың, мәдени дамудың түпкі негізіне айналып отырған кезде барлық білім беру мекемелерінің басты назарында оқушының немесе студенттің жеке тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаңартуды, шығармашылық пен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды қамтамасыз етеді. Осыған орай жалпы орта білім беру мақсаттары шығармашылық сипатқа ие жеке тұлғаны дамытуды көздейді. Бұл оқушының кез келген жағдайда өз сұранысын қанағаттандыратын нәрсені, құбылысты, әдісті т.б таңдай білу қабілетінің, шығармашылық әрекетінің, намысының жетілуін қарастырады.

1. Асылбекұлы Серік. *Қазақ мәдениеті-қазақ мемлекеттілігінің жүрегі.*

2. «Мәдени мұр» Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериясы. *Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары. Құрастырушылар М.М. Әуезов, Е.И. Исмайлов, Қ.Қабдрахманов – «Жазушы» 2006 – 360 б.*

3. Байжігітов Б. *Қазақтың қол өнері тарихы: сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік – Алматы: «Экономика» баспасы, 2012 – 265 б.*

4. Сыдыханов А., Васильев В., Көпбосынов Р. *Каталог, Қазақстанның қазіргі суретшілер сериясы. – Алматы: “Сорос-Қазақстан қоры”, 1995 ж. – 125 б.*

Түйін

Мақалада келешек жас ұрпақтың бойында ұлттық, рухани мәдениетімізді қалыптастырудағы бейнелеу өнері түрлерінің маңызы қарастырылды.

Резюме

В статье рассматриваются важность видов изобразительного искусства в формировании национальной и духовной культуры подрастающего поколения.

Summary

The article discusses the importance of the kinds of fine arts in shaping national and spiritual culture of the younger generation.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫЗУ ПӘНІНДЕ ГРАФИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Ж.А. Баймбетов – магистрант, Магистратура және PhD докторантура институтының «Қазақстан тарихы мен мәдениеті» кафедрасы, 6M010700-бейнелеу өнері және сызу мамандығы Абай ат. ҚазҰПУ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жылдағы жолдауында білім беру саласына ерекше мән беріледі: "Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз" деген орамды ойларды атап көрсетті. Біздің алдымызда күтіп тұрған сындарлы даму процесі ол – бүкіл жер шарындағы жаһандану дәуірі. Жаһандану дәуірінде қатаң бәсекеге төтеп бере алатын мемлекет қана өркениет көшіне ілесе алады. Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті ең алдымен оның білімділік сипатымен айқындалатынын ескере келе, білім мен тәрбие беру саласын реформалаумен сабақ үрдістерінде жаңа технологияларды меңгерудің маңызы ерекше екенін мойындауымыз керек.

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі болып табылады [1].

Сондықтан білім алушыны оқу үдерісінің нысаны ретінде ғана санамай, оны сол үдерістің тең құқықты мүшесі ретінде қабылдап, білім алушыға түбегейлі көңіл бөлу – қазіргі мектеп дамуының негізгі тенденцияларының бірі болып отыр. Білім беру саласының ең алғашқы қайнар көзі, ол – мектеп, себебі мектеп бүкіл білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы, білімділіктің іргетасы қаланар сынақ алаңы. Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге деген талпынысы, қызығушылығы бар, озық ойлы, өнер тапқыштығы басым маман даярлау мектепте басталып, адамның бүкіл өмірі барысында жүреді деген көзқарастар дәлелді болды.

Графикалық даярлау проблемасына Кеңес, кейін Ресей және Қазақстан педагогикасында көп көңіл бөлінді. Сондықтан бұл салада айтарлықтай табыстар бар, атап айтқанда, оқушыларда графикалық білім, білік, дағдылар қалыптастырудың ғылыми негіздері А.Д. Ботвинников, Б.Ф. Ломов, мектепте сызу пәнін оқыту әдістемесінің түрлі аспектілері В.Н. Виноградов, Г.Д. Глейзер, М.М. Хасенов, Ж.Есмұхан,

Ы.А. Нәби, Ч.А. Рустамов, Б.А. Тұрғынбаева, В.Ф. Шаталов, А.М. Пышалко, М.Ф. Морозов, М.И. Махмутов, К.Жүнісқызы, П.Р. Атутов, П.Р. Гордон және басқалар, ЖОО-да студенттердің графикалық даярлығын жетілдіру жолдары А.Я. Блаус, В.П. Верхола, Ы.А. Нәби, Г.Г. Шапрова, Б.К. Момынбаев, Ж.Ж. Жаңабаев, Т.К. Мусалимов сынды ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды [2].

«Сызу» оқу пәнін оқытудың мақсаттары ретінде оқушыларыды сызбаларды орындауға және оқуға біліктілігі мен дағдылырын қалыптастыруды тағайындау керек. Сонда оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттеріне төмендегілер кіреді:

а) оқушылардың логикалық талдауы мен шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;

б) оқушыларды сызбаны рәсімдеудің жалпы ережелерімен таныстыру және оларды сызу аспаптары мен құралдарын тиімді пайдалануға дағдыландыру;

в) аксонометриялық кескіндер және өзара перпендикуляр жазықтықтардағы тік бұрышты проекциялар туралы тұрақты білім қалыптастыру және т.б.

«Сызу» оқу пәнін оқыту сатыларына сәйкес геометриялық пішіндердің, геометриялық денелердің және бұйымдардың графикалық кескіндері, оларды рәсімдеудің, жасаудың және айырып танудың практикалық тәсілдері болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, зерттеу нысандары графикалық даярлауда сабақтастықты қамтамасыз етудің негізгі нышаны болады.

«Сызу» оқу пәнінің оқу жоспарындағы орны төмендегімен анықталады.

«Сызу» оқу пәні негізгі пәндердің бірі ретінде (математика) білім беру саласына кіреді. Бұл пәннің жалпы орта білім беру жүйесіндегі ролі адам өміріндегі графикалық аппараттың мәнділігімен, графикалық кескіндерді салуға және оларды оқуға қажет білім, білік, дағдыларды игерудің мұқтаждығымен, байқағыштық, ұқыптылық, оқуға деген төзімділік, эстетикалық талғам тәрізді жеке дара қасиеттерді дамыту маңыздылығымен анықталады.

Курсты меңгеру барысында математика, бейнелеу өнері, еңбекке баулу, технология сабақтарында алған білім, білік, дағдылар пайдаланылады.

Сызудың математикамен байланысы ортақ геометриялық нысандарды пайдалануда білінеді, ал бұл нысандар жөніндегі негізгі мәліметті оқушылар геометрия сабақтарында алады. Проекциялау тәсілдерін оқып білу математика мен бейнелеу өнерінен алынған білімге негізделген. Математика, еңбекке баулу және технология сабақтарында оқушылар сызуды оқып білу барысында қажет болатын жұмыс істеу амалдарын меңгереді.

Графикалық білімге тікелей қатынасы бар мағлұматтарды оқушылар «бейнелеу өнері», «технология» сабақтарынан алады, қарапайым сызу құралдарын қолданып белгілер салады, өлшейді, суреттер салады, әртүрлі геометриялық формасы бар нәрселер, макеттер жасайды. Төменгі сыныптың өзінде-ақ техникалық сызудың элементтерімен танысады, тетікбөлшектің формасын анықтауды, көлеміне қарай мөлшерін анықтауды үйренеді. Осының барлығы графикалық білімді дамытуға ізашар даярлық болып табылады. Мектеп оқушыларында графикалық ұғымдардың қалыптасуына байланысты ой толғамдарға қорытынды жасай келе төменгі сыныптарда оқытылатын табиғаттану, бейнелеу өнері, технология, математика сабақтары графикалық ұғымдардың қалыптасып, оның жетілуіне негіз болып табылады деп тұжырымдауға болады. Айтылған тұжырымдарға дәлел ретінде орта мектеп жүйесіндегі төмендегі пәндерге талдау жүргізілді.

Математика пәнін оқығанда оқушы нүкте, кесінді, сәуле, түзу, сынық сызық, көпбұрыш, жазықтық, шеңбер, шеңбердің ортасы, доға тәрізді геометриялық терминдермен танысады. Мұндай терминдер өзге пәндерге қарағанда математикада көп қолданылады. Бұл сабақта оқушы геометриялық денелер мен фигуралардың пішінін ғана анықтап қоймай, геометриялық орнын да анықтайды. Бейнелеу өнері пәнінде графикалық білімге тән тұрғызу теориясы білік пен дағдыны жетілдіреді және дененің кеңістіктегі орнын анықтайды. Қағаздағы суретті нақты денемен салыстырып көруге мүмкіншілік туады.

«Еңбекке баулу» пәні бастауыш сыныптарда өтеді де, бесінші сыныпқа барғанда «технология» пәні болып басқаша аталады. Бесінші сыныптың «технология» пәнінде «Құжаттық сызба» деген тақырып бар. Бұнда бөлшекті жасау үшін оның техникалық сұлбасын және сызбасын әзірлейді. Мұндай бейнелерді құжаттық сызба деп атайтындығы көрсетілген. Сызу сабағын өтпей тұрып-ақ оның негізгі талаптарын орындап сызықтың түрлерін, масштаб, өлшемдер енгізу, эскиздеу, пішіндерді қолдана бастаған. Осы тақырыпта мынадай үзінді келтірілген: «Кез келген бөлшекті оның сызбасы арқылы белгілеу үшін оны оқып үйрену қажет. Сызылып алынатын бөлшектің пішінін, өлшемін және оны қандай құрал сайманмен сызуға болатынын, оларды өзара құрастырып бұйым жасауды көз алдыға елестете білуді сызба деп атайды». Келтірілген үзіндіден «сызу» пәнін оқып бастамас бұрын оның негізгі ережелерін басқа пәндерде қолданып оқып үйренетіндігін айтуға болады. Демек, «сызу» пәнін төменгі сыныптан бастап оқуға да

мүмкіндік бар екенін байқатады [3].

Оқыту – екі жақты үрдіс. Оқыту оқушы мен мұғалімнің өзара бірлесіп жасайтын әрекетінен тұратын күрделі үдеріс. Өйткені, оқыту – мұғалімнің білім берудегі негізгі іс-әрекеті болса, оқу баланың өзінің танымдық, тәжірибелік әрекеті. Сөйтіп, оқушының таным әрекеті мұғалімнің басшылығы арқасында ғана жүзеге асады. Оқыту – даму негізі деген тұжырым жасасақ оқыту үдеріс-інде білім алушылардың жасын және өзіне тән ерекшеліктерін есепке алады. *Олар мынандай жағдайда есепке алынады:*

- а) оқулықтарды, оқу құралдарын т.б. жасағанда;
- б) организмнің дене және психикалық дамуына байланысты;
- в) оқу, тәрбие үдерісінде;
- г) жеке адамның қабілетін қалыптастыруда және т.б.

Оқыту – жоспарлы үдеріс. Сондықтан оның формалары, міндеттері бар. Олардың арасында өзара байланыс заңдылығы болу керек.

Бұл заңдылықтар:

- а) оқыту мақсаттары, мазмұны, сапсы мен әдіс-тәсілдері қоғам талабына және қажеттілігін бейнелейтін міндеттерге байланысты;
- б) оқыту формалары, оларды ұйымдастырып, өткізудің міндеттеріне, мазмұнына және әдістеріне байланысты;
- в) білім беру, тәрбиелеу және дамыту өзара байланысты және т.б.

Графикалық білім беру үдерісінің міндеттері, мазмұны, формалары, әдістері тұтас логикалық тізбек құраса, онда қарастырылып отырған байланыс заңдылықтары ақырғы нәтижені қамтамасыз етеді.

Әр үйретуші қабілеттіліктеріне, темпераменті мен мінезіне сәйкес оның индивидуальділігіне, педагогикалық шеберлігі мен эрудициясының өзекшелігіне көп дәрежеде жауаптайтын материалды пайдалана алады [3].

Сызу пәніне оқытудың міндеті үйренушілерге аспаптармен дұрыс рационалды тұрғыда жұмыс жасауға және де сызуды сызу әдістерін пайдалана отырып, сызу негіздерін меңгеруде ғана емес, сонымен бірге күрделі емес бұйымдардың сызбаларын оқи алу мен құрай алуға үйретуде де түйінделеді. Замандас ғылым мен техниканың талаптарының алдында ерекше бейінді үйренушілердің графикалық дағдыларын қалыптастыруға бет бұру қажет. Мектептерде бұл пәнді беру әдістемелік қатынаста кемел қойылған сайын, үйренушілер адами тірліктің барлық салаларында қажет, сызбаларды оқу мен орындауды тез үйренеді. Өзінің жаратулық тірлігінде инженерлер, конструкторлар, өнер тапқыштар сызбаларды пайдалануды айналып өтпейді екен [4].

Жалпы сызу пәнін жалпы орта мектепте оқыту мен қатар, бұл пәнде оқушылардың графикалық дағдыларын қалыптастыру процесі оңтайлы жүргізілген жағдайда ғана, оқушыларға аталған пәннен білім беріп, тәрбиелеудің жалпы мақсат, міндеттері оңтайлы шешілетіні айғақ. Алғашында оқушыларды графикалық сауаттылықтар негіздеріне үйретудің мақсат-міндеттерін, мазмұны мен әдістерін анықтаушы бұл пән-педагогика ғылымының бір саласы болып табылатыны баршаңызға мәлім.

1. *Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. ЧЕРЕЗ КРИЗИС К ОБНОВЛЕНИЮ И РАЗВИТИЮ. Март 2009.*

2. *Төлебаев Ә.Ә. Негізгі орта, орта және жоғары білім жүйесінде графикалық даярлаудағы сабақтастық. Пед. ғыл. кандидаты ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Авторефераты.*

3. *Кузьменко В.И., Косолапов М.А. Методика преподавания черчения. М.ПР. 1981 год.*

4. *Ботвиников Актуальные вопросы методике обучению черчению. М.ПР. 1977 год.*

Түйін

Автор жалпы орта мектептің сызу пәнінде оқушылардың графикалық дағдыларын қалыптастыру проблемалары жөнінде мәселелерді қарастырады. Сонымен қатар мектепте аталған пәннің мақсат-міндеттерін оқытудағы заңдылықтарын, әдістемелік жүйесін, ерекшеліктері мен маңызын сөз етеді.

Резюме

В данной статье автором рассматриваются формирование и развития графических навыков учащихся на предмете черчение в средней общеобразовательной школе. А также автор раскрывает методическую систему, роль и место, цели и задачи, закономерности и особенности методики преподавание черчение в школе.

Summary

In this article, the author examines the formation and development of graphical navkov students on the subject of drawing in high school. As well as the author reveals the methodological system, role, aims and objectives, teaching methods and characteristics of zakonomernosti drawing at the school.

РАЗВИТИЕ МУЗЫКАЛЬНОГО СОЗНАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГА-МУЗЫКАНТА

Л.Ш. Какимова – к.п.н., доцент, КазНПУ им. Абая

Продолжая изучать проблематику развития музыкальности обучаемого, мы обратились к исследованию развития его музыкального сознания. В классической системе вузовского обучения сложилась теория, что существуют именно три вида интеллекта человека. Но такая шкала очень ограничивает наше понимание ума, таланта и способностей. Талант, как определенные способности, которые раскрываются с приобретением навыка и опыта, прямо не зависят от способностей. Современные ученые выделяют определенные типы таланта, которыми обладают люди в той или иной степени, определяя данное понятие, как результат опыта работы в той или сфере деятельности. Он может проявиться в любое время, которое зависит от усилий, тренировок, кропотливой работы над самим собой. Несколько десятилетий назад психологи, педагоги заботились этим вопросом и в настоящее время, в литературном справочнике мы находим его определение, как «высокий уровень развития способностей» о наличии которого можно «судить по результатам деятельности человека, которые должны отличаться новизной, оригинальностью подхода, потребностью в творчестве» [1, 350].

Развитие музыкального сознания на разных этапах онтогенеза проявляется в специфических взаимосвязях восприятия, памяти и мышления. Для формирования музыкально-понятийного словаря необходим опыт восприятия музыки в разных, разнообразных социо-культурных ситуациях. Программы по музыке существующие на данный момент ориентированы на формирование у учащихся музыкальных знаний о музыке, формирования восприятия, расширения музыкальной памяти и т.п. В этой связи особое значение приобретает качество вузовского музыкального образования. В настоящее время беспокойство вызывает недостаточное воздействие музыки на современное поколение. У студентов активный словарный запас отражает накопленный запас «семантически значимой информации», то есть количество информации, которая не просто заучена по заданию педагога на спецпредметах, а «работает», понимается, принимается и используется. Проследить такие изменения можно путем анкетирования интересов, самоотчеты о музыкальных впечатлениях по восприятию музыкальных произведений, которыми будущие специалисты могут поделиться в своих блогах, а также посещением театров, мастер классов.

История развития сознания натолкнуло на поиск путей его возникновения. Интересным было то, что ее классификацию в разное время и разными исследователями трактовалось по-разному. Мы наткнулись на статью Анны Заславской о семи типах интеллекта человека [2]. В ней автор описывает способности с направленностью на профессиональную деятельность, ссылаясь на теорию психолога начала 80-х годов прошлого столетия, Говард Гарднера, написавший книгу «Рамки ума». В книге автор выделил девять типов интеллекта: вербально-лингвистический (отвечающий за способность писать, читать, присущий журналистам, писателям, юристам, лингвистам); цифровой, характерный для математиков, программистов; слуховой (музыканты, лингвисты, языковеды); пространственный (дизайнеры, художники); физический (спортсмены, танцоры); личностный (его также называют эмоциональным); межличностный (политики, ораторы, торговцы, актеры); талант окружающей среды (этим талантом наделены дрессировщики, земледельцы); предпринимательский (люди, наделенные мышлением нового поколения, навязанного временем и деньгами).

Позднее, в 1994 году психолог реформировал предложенную свою новую концепцию интеллекта. Он выделил семь основных видов способностей человека, которые не ограничиваются умением хорошо считать или грамотно писать. Теория Гарднера открыла людям новый взгляд на понятие таланта, ума и способностей. Разные виды интеллекта востребованы в различных профессиональных сферах. Дизайнеру не обязательно разбираться в музыке и обладать чувством ритма, но необходимо чувствовать цвет, пространство и форму. Предложенная ниже классификация интеллекта (по Г.Гарднеру), поможет обратить внимание учителей, методистов на то, какими видами интеллекта одарен обучающийся. И что очень важно для учителя музыки, это то, что дает вектор направления, на которое стоит обратить внимание в процессе обучения. Итак, перечислим типы интеллектов.

Логико-математический интеллект отражает нашу способность оперировать числами и мыслить рационально (математик, физик, бухгалтер, финансист, компьютерный программист, логик). Этот тип интеллекта достаточно развит у людей с математическими способностями.

Визуально-пространственный интеллект говорит о таланте воспринимать мир визуально и анализировать эту информацию, быть восприимчивым к цвету, форме, линиям, отношениям между объектами в

пространстве (архитекторы, художники, дизайнеры, экскурсоводы и путешественники). В сочетании с развитым логическим интеллектом визуально-пространственные способности могут дать прекрасного врача, химика или биолога: в естественнонаучных дисциплинах требуется умение логически мыслить и одновременно представлять себе сложные структуры – молекулы, органы и их системы, строение тканей.

